Өнімнің өзіндік құнын дұрыс есептеу үшін жанама (үстеме) шығыстарды калькуляциялау объектілерінің арасында бөлудің таңдалған әдісі маңызды рөл атқарады. Отандық және шетелдік есеп саясатында өткен ғасырдың ортасына дейін өндірістік жұмысшылардың еңбекақысы үстеме шығыстарды бөлу базасы ретінде пайдаланылды.

Үстеме шығыстарды өнім (жұмыс, қызмет) түрлері арасында өндірістік жұмысшылардың негізгі еңбекақысына пропорционалды бөлген кезде олардың көп бөлігі еңбек сыйымдылығы аз өнімнен гөрі еңбек сыйымдылығы көп өнім түрлеріне

жатқызылады. Осының нәтижесінде еңбек сыйымдылығы аз өнім түрлері аз пайда түсіретін болып шықты, яғни өнімнің өзіндік құны бұрмаланды.

ABC жүйесі үстеме шығыстарды арнайы қызмет түрлеріне бөлу қызметімен ерекшеленеді.

Функциялары бойынша шығындар есебін экономистер Купер мен Каплан (1988ж) әзірледі және ABC (activity - based) атауын алған. ABC - жүйе үстеме шығындарды өнімге жатқызу мен өнімдердің өзіндік құнын есептеудің неғұрлым қатаң тәсілін болжайды. ABC - жүйе, басқару шешімдерін әзірлеу үшін пайдалы, өзіндік құн туралы ақпаратты қамтамасыз етеді деп есептелінеді.

Көптеген компаниялардағы басқару шешімдері, қорларды (запастарды) бағалау үшін құрылған шығындар жүйесінің көмегімен әзірленеді. Ол өндіру кезінде тұтынылған материалдық ресурстардың қорларын және негізгі өндірістік жұмыскерлердің еңбегін дәл өлшейді, бірақ та үстеме шығындар әдетте дайын өнімге бөлінеді.

Үстеме шығындарды өнімге бөлу кезінде шығындарды калькуляциялаудың дәстүрлі жүйелері жиі түрде, өнімдердің әрбір түріне өндірілген бірліктердің санына қатысты тұтынылған ресурстардың санын дәл өлшеуге мүмкіндік беретін көлемдік көрсеткіштер (еңбек - сағаттар, машина - сағаттар) пайдаланылады. Бұл - негізгі материалдар, негізгі өндірістік жұмысшылардың еңбегі, электр қуаты, өндірістік жабдықтарды пайдалану және қызмет көрсету шығындары. Сонымен бірге, өндірудің нақты көлемімен тікелей байланысты емес, өндіру үшін қажет көптеген ресурстар бар. Бұл - материалдарды бір орыннан екінші орынға ауыстыру, материалдар сатып алу, жабдықтар орнату, өндірістік процесс кестесін жасау, өнімдердің сапасын аралық бақылау т.б. жөніндегі шығындар. Негізінен, бұл шығындар тікелей белгісі бойынша өнімдердің әрбір атауы бойынша өндірістік шығындардың құрамына кірмейді, алдымен үстеме шығындардың құрамына жиналады, содан соң тиісті бөлуден кейін өндірілген өнімдердің өзіндік құнына енгізіледі. Қазіргі уақытта компаниялар, негізгі өндірістік жұмысшылардың еңбегіне жұмсалатын шығындар, үлесі жеткілікті түрде жоғары болатын үстеме шығыстардан өзгешелігі жиынтық өндірістік шығындардың шамалы бөлігін құрайтын өнімдердің көп ассортиментін шығарады. Бұл өнімдердің өзіндік құнын калькуляциялауға жаңа тәсілдер әзірлеу қажеттілігін туғызады.

Дәстүрлі калькуляция жүйелері, компаниялардың басым көпшілігі нарықта өнімдердің аздаған түрлерін ұсынған, жанама шығындар төмен болған, көптеген ондаған жылдар бұрын пайда болды, сондықтан да оларды пропорционал емес түрде бөлуден туындаған өзіндік құнды бұрмалау шамалы ғана болды, ал ақпараттарды өңдеу үлкен шығындарды талап етті, бұл жанама шығындарды мақсатты шығындар бойынша қолдануды қиындатты. 20 ғасырдың соңында нарықта тауарлардың кең ассортименті сатылатын болды, жанама шығындардың мөлшері ұлғайды, бәсекелестіктің күшейе түсуі, дұрыс емес шешімдер қабылдаудан ауыр қателіктерге әкеліп соғып, осындай қателіктердің пайда болуының өзі

неғұрлым ықтималдыққа айналды және неғұрлым қымбатқа түсті. Сондықтан да, осындай қателіктерді болдырмайтын және жанама шығындарға ерекше назар аударатын калькуляциялық жүйелерді әзірлеу қажеттілігі пайда болды.

Шешімдер қабылдауда релеванттық шығындар туралы ақпараттар алу үшін қажетті шығындар есебінің жүйесі неге қажет екендігін түсіндіретін төмендегідей үш негізгі себептер бар:

- шешімдер қабылдау үшін көптеген жанама шығындар релеванттық болып саналады;

- басшылықтың назарын неғұрлым егжей-тегжейлі зерттеулер жүргізуді талап ететін, әлеуетті пайда әкелмейтін өнімдерге аударатындай, ақпараттар жүйесі қажет;

- өндіру үшін өнімдер таңдау туралы шешім бір-бірінен тәуелсіз болып саналмайды.

Экономикасы дамыған елдердегі өзіндік құнды калькуляциялау жүйелері мақсатты шығындарға есептелетін шығыстар типтері бойынша және күрделілік деңгейі бойынша түрленуі мүмкін. Осындай жүйелер келесі түрде жіктеледі:

- өзіндік құнды тікелей калькуляциялау жүйесі;

- шығындарды есептеудің дәстүрлі жүйелері;

- өзіндік құнды функционалдық калькуляциялау жүйелері.

Өзіндік құнды тікелей калькуляциялау жүйесі мақсатты шығындарға тікелей шығындарды ғана есептейді, яғни олар жанама шығындардан пайдаға қосқан үлесті ескереді. Бұл жүйелер, бірлесіп пайдаланылатын ресурстарға жұмсалатын шығындар, оған деген сұранысқа пропорционал түрде шамалы ауытқыған жағдайда ғана шешім қабылдауға қолайлы болып саналады. Осыдан кейін, одан пайдаға қосылған үлес теріс немесе төмен болған шығыстардың баптарын анықтау көзделеді. Шешім қабылдау үшін жанама, релеванттық шығындарды бағалау, арнайы зерттеу жүргізу кезеңінде орындалатын талдауға енгізілуі тиіс. Олардың жанама шығындарды өлшемейтіндігі және оларды мақсатты шығындар бойынша есептемейтіндігі, осындай жүйелердің кемшіліктеріне жатады. Сондықтан да арнайы зерттеулер жүргізу кезіндегі жанама шығындарды талдауға енгізу жөніндегі кез келген ұмтылыс қандай да бір рұқсат етулерге негізделуі тиіс. Осы үшін өзіндік құнды тікелей калькуляциялау жүйесін, жалпы шығындардағы жанама шығындар шамалы бөлікті құрағанда ғана ұсынуға болады.

Функциялары бойынша шығындар есебін экономистер Купер мен Каплан (1988ж) әзірледі және ABC (activity - based) атауын алған. ABC - жүйе үстеме шығындарды өнімге жатқызу мен өнімдердің өзіндік құнын есептеудің неғұрлым қатаң тәсілін болжайды. ABC - жүйе, басқару шешімдерін әзірлеу үшін пайдалы, өзіндік құн туралы ақпаратты қамтамасыз етеді деп есептеледі [5, 160 б].

Көптеген компаниялардағы басқару шешімдері, қорларды (запастарды) бағалау үшін құрылған шығындар жүйесінің көмегімен әзірленеді. Ол өндіру кезінде тұтынылған материалдық ресурстардың қорларын және негізгі өндірістік жұмыскерлердің еңбегін дәл өлшейді, бірақ та үстеме шығындар әдетте дайын өнімге бөлінеді.

Үстеме шығындарды өнімге бөлу кезінде шығындарды калькуляциялаудың дәстүрлі жүйелері жиі түрде, өнімдердің әрбір түріне өндірілген бірліктердің санына қатысты тұтынылған ресурстардың санын дәл өлшеуге мүмкіндік беретін көлемдік көрсеткіштер (еңбек - сағаттар, машина - сағаттар) пайдаланылады. Бұл - негізгі материалдар, негізгі өндірістік жұмысшылардың еңбегі, электр қуаты, өндірістік жабдықтарды пайдалану және қызмет көрсету шығындары.

Сонымен бірге, өндірудің нақты көлемімен тікелей байланысты емес, өндіру үшін қажет көптеген ресурстар бар. Бұл - материалдарды бір орыннан екінші орынға ауыстыру, материалдар сатып алу, жабдықтар орнату, өндірістік процесс кестесін жасау, өнімдердің сапасын аралық бақылау т.б. жөніндегі шығындар. Негізінен, бұл шығындар тікелей белгісі бойынша өнімдердің әрбір атауы бойынша өндірістік шығындардың құрамына кірмейді, алдымен үстеме шығындардың құрамына жиналады, содан соң тиісті бөлуден кейін өндірілген өнімдердің өзіндік құнына енгізіледі. Қазіргі уақытта компаниялар, негізгі өндірістік жұмысшылардың еңбегіне жұмсалатын шығындар, үлесі жеткілікті түрде жоғары болатын үстеме шығыстардан өзгешелігі жиынтық өндірістік шығындардың шамалы бөлігін құрайтын өнімдердің көп ассортиментін шығарады. Бұл өнімдердің өзіндік құнын калькуляциялауға жаңа тәсілдер әзірлеу қажеттілігін туғызады.

ABC - жүйе, шығындардың қызметпен байланысты туындағанын және өнімдердің қызмет түрлеріне сұраныс туғызатынын болжайды. Өнім мен қызмет түрі арасындағы байланыс, онымен бүкіл байланысты қызмет түрлерінің шығындарын өнімге жатқызу жолымен белгіленеді. Яғни, бизнес:

- қызметтің қандай да бір түріне қажеттілікті туғызатын факторларды;

- қызмет түрлеріне жұмсалатын шығындарды;

- қызмет түрлерінің өніммен өзарабайланысын ескеруі қажет.

Құрылымдық түрде ABC - жүйесіне келесі сатылар кіреді:

1) компаниядағы қызметтің негізгі түрлерін айқындау:

- өндірістік жабдықпен байланысты қызмет (жабдық шығындары орталығы);

- негізгі өндірістік жұмысшылар еңбегімен байланысты, қызмет;

- қамтамасыз етудің алуан түрлері: тапсырыс, қабылдау, материалдардың орнын ауыстыру, бөлімшелерге басшылық, өндірістік жоспарлау, орау және дайын өнімдерді жеткізу;

2) қызметтің әрбір түрі үшін шығындар орталығын құру (топтастыру):

Жабдықтардың барлық түрлерін жөндеу, дайындаудың жиынтық шығындарын бір шығындар орталығына біріктіруге болады.

3) қызметтің әрбір түрі үшін шығындар көздерін (драйверлерін) айқындау.

Шығындар көздері - қызметтің нақты түріне шығындардың көлемі соған қатысты болатын оқиғаларды немесе күш біріктіруді белгілеу үшін пайдаланылатын термин:

-тапсырыстар қабылдау бөлімі үшін қабылданған тапсырыстардың саны;

-өндірістік жоспарлау мен жабдыктарды жөндеу және дайындауға жұмсалатын шығындар үшін өндірістік кезеңдердің саны;

-сатып алулар бөлімінің қызметін қамтамасыз етуге жұмсалатын шығындар үшін сатып алуға тапсырыстар саны;

-жеткізу бөлімі үшін жеткізуге тапсырыстар саны;

4) осы қызмет түрлеріндегі өнімнің қажеттілігіне сәйкес қызмет түрлерінің шығындарын өнімге жатқызу. Мұнда, сұраныс көрсеткіштері түрінде шығындар көздерін пайдалана отырып, осы қызмет түріндегі өнім қажеттілігіне сәйкес дайын өнімге дейінгі қызметке жұмсалатын шығындарды қадағалау қажет. Қызметтің нақты түріне өнімнің қажеттілігі операциялардың санымен өлшенеді.

Жабдықты дайындау бойынша шығыстардың бөлінген сомасын салыстыру ABC - жүйесінің, өнімдердің әрбір түрін өндіру үшін жабдыктарды қайта жабдықтау санын ескеретіні туралы айтады.

Купер мен Каплан, өндіру көлемімен байланысты емес қызмет көлемі елеулі болған жағдайларда, өндірістік шығындар есебінің дәстүрлі жүйесі өзіндік құн туралы бұрмаланған ақпарат береді деп дәлелдейді. Атап айтқанда, ұсақ сериялы өнімдердің өзіндік құнын төмендетіп көрсету және ірі сериялы өнімдердің өзіндік құнын көтеріп көрсету үрдістеріне ие. Мынандай жағдайға жол беріледі: қытырлақ өнімнің өткізу бағасына, круассан өнімнің бағасына қарағанда неғұрлым жоғары пайда алу негіз етіп алынған, бұдан көрініп тұрғандай, өндірістік шығындар есебінің дәстүрлі жүйесі, өндірушіні круассан өнімін өндіруді азайтуға және қытырлақ өнімін өндіруді ұлғайтуға итермелейді. Тәжірибеде бұл шешім компания үшін сәтсіздікке ұшыратушы болып саналады, өйткені круассан өнімі арзан және круассан өнімінің орнына қытырлақ өнімінің жабдығын іске қосу, қызмет көрсетуге жататын қосымша шығыстарды ұлғайтады.

ABC жүйесі әрбір функция үшін өзінің жеткілікті түрде, нақты, өзіне тән шығындар факторларымен, функциялар бойынша шығындарға әсер ететін көрсеткіштердегі өзгерістермен негізденеді Сондықтан, ABC жүйесі дәстүрлі калькуляцияда қолданылатын шартты байланыстарын емес шығындар мен шығыстар (үлестіру базаларымен) факторлар арасындағы себеп-салдар байланыстарын табады және оларды қолданады.

Өндіріс көлемімен байланысты болып келетін, көрсеткіштерге негізделген есептің дәстүрлі жүйесі үстеме шығыстардың біршама тұтынуындағы осы айырмашылықтарды ескермейді. Нәтижесінде ірі сериялы өнімдердің өзіндік құны көтеріледі, ал ұсақ сериялы өндірістің өзіндік құны керісінше төмендейді ABC жүйесі енгізілетін ресурстардың біршама тұтынуындағы айырмашылықтарды таниды және оларға сәйкес әрбір өнімнің көлемін бақылап отырады. Нәтижесінде есептілікте ұсақ сериялы өнімнің аса көтеріңкі өндірістік шығындары бейнеленеді, себебі соңғысы енгізілетін ресурстардың өндіріс көлемімен байланысты емес үлкен көлемін тұтынады. Ал ірі сериялы өнімдерге

өндіріс көлемімен ғана байланысты болып келетін көрсеткіштердің үлестіру базалары ретінде қолдануда шығындардың тым артық бөлігі үлестіріледі. Бұл жағдайда ірі сериялы өнімдер "өзге" шығындардың бөлігін өзіне тартып ала отырып, ұсақ сериялы өнімдерді "жәрдем ақымен қамтамасыз етеді. Компания ірі сериялы өнімдер есебінің арқасында ұсақ сериялы өнімдердің өндірісін кеңейте отырып, өндірістің номенклатурасы жөніндегі дұрыс емес шешімдер қабылдауы мүмкін.

ABC-костинг жүйесін кәсіпорынға енгізген жағдайда, алынатын оң нәтижелер:

1. Өндіру мен өткізу көлемінің ара қатынасын жетік түрде зерттеп, болашаққа нақты болжам жасауға мүмкіндік береді.

2. Өнімге бекітілген бағаға әсерін зерттеу; Мұндай талдау мен модельдеу нарықта өте керекті болып саналады.

3. Өнімнің өзіндік құнына қосылатын үстеме шығыстар әрбір жеке-жеке өнім түрлеріне қосылып, нақты шынайы өзіндік құнын көрсетеді. Дәстүрлі жүйеде үстеме шығыстар бөлу базасы арқылы барлық өнімнің өзіндік құнына қосылып тырады. ABC-жүйенің ең тиімді тұсы осы болып саналады.

4. Экономикалық нарықты ескере отырып, басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін кәсіпорын әкімшілігін тиімді ақпараттық қамтамасыз ету, нарықтағы сұранысты зерттеуде өте тиімді жүйе болып табылады.

5. ABC - жүйе дайын өнім мен қаржылық нәтижелерді бағалау үшін шығарылатын өнімнің өзіндік құнын кәсіпорынға пайда әкелетіндей есептеуге мүмкіндік береді;

6. Ұзақ мерзімді сипатта болатын шешім қабылдаулар үшін өндірістік қызметтің басқарушылық есебінің мәліметтерін жүйелеу, - өндірістік және технологиялық бағдарламалардың сатып алынуы, ішкі және сыртқы нарыққа сатылатын өнім ассортиментінің рентабельділігі, негізгі қорларға және өндірістік қорларға капиталдық салымдар салуда нақты есептеулерді ұсынуға септігін тигізеді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Батырбеков Қ.П., Мархаева Б.А. Басқару есебі 2. Шымкент. 2010. 123б
2. Палий В.Ф. Управленческий учет издержек и доходов (с элементами финансового учета). 2009. 151б.
3. Тайгашинова К.Т. Басқару есебі. Алматы. 2011. 332б.
4. Дусаева Е.М. Бухгалтерский управленческий учет: теория и практические задания. М. 2011. 236б.
5. Ивашкевич В.Б. Бухгалтерский управленческий учет. М. 2009. 160б.

**Гульназ ЖУНУСОВА**, екінші курс магистранты, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, 100009, Қазақстан республикасы, Қарағанды қ., Академическая көш., 9, korshabekovag@mail.ru +77752089804

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУ ЕСЕБІНІҢ ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ

Аталмыш мақала стратегиялық басқару есебінің шетелдік және отандық тұжырымдамаларын қарастырады. Сонымен қатар, стратегиялық басқарушылық есептің мәні ашылып, мақсаттары көрсетілген.

**Түйін сөздер:** стратегия, стратегиялық менеджмент, басқару есебі, стратегиялық басқару есебі.

**Гульназ ЖУНУСОВА**, магистрант второго курса, Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, 100009, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Академическая, 9, korshabekovag@mail.ru +77752089804

## ЗАРУБЕЖНЫЕ И ОТЕЧЕСТВЕННЫЕ КОНЦЕПЦИИ СТРАТЕГИЧЕСКОГО УПРАВЛЕНЧЕСКОГО УЧЕТА

Данная статья рассматривает зарубежные и отечественные концепции стратегического управленческого учета. А так же, разъясняются задачи и цели стратегического управленческого учета.

**Ключевые слова:** стратегия, стратегический менеджмент, управленческий учет, стратегический управленческий учет.

**Gulnaz ZHUNUSSOVA**, master's degree of the secondcourse, Karaganda Economic University of Kazpotrebsoyuz, 100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Akademicheskaya str. 9, korshabekovag@mail.ru +77752089804

## FOREIGN AND HOME CONCEPTIONS OF STRATEGIC ADMINISTRATIVE ACCOUNT

This article examines foreign and home conceptions of strategic administrative account. And similarly, tasks and aims of strategic administrative account are explained.

**Keywords:** strategy, strategic management, administrative account, strategic administrative account.

Стратегиялық басқару есебін зерттеуде ғалымдар бірнеше позиция тұрғысынан қарастырады, ең алдымен зерттеу "стратегия", "басқару" және "есеп" түсініктерінің жиынтығы ретінде айқындалады. Сонымен қатар, стратегиялық басқару есебінің дамуы стратегиялық менеджменттің дамуымен ұштасады. Қазіргі экономика жағдайында стратегиялық менеджментке теориялық және тәжірибелік қызығушылық артуда. Себебі заманауи экономика жағдайында бұл басқару технологиясы отандық ұйымдардың келешектегі позициясын анықтауға және жоғарғы нәтижеге жету жолында уақытылы жоспар дайындауға мүмкіндік береді.

Стратегиялық менеджмент - талдау, жоспарлау және бақылаудың үздіксіз үрдісіндегі ұйым басшылығының жүйелі стилі ретінде айқындалады. Осыған байланысты сенімді стратегиялық шешімдерді қабылдау әртүрлі ақпараттың үлкен көлемін қажет етеді. Ал ақпараттың алуандылығы шешімдер қабылдау үрдісін қиындатады, ал стратегиялық жоспарлау ұйымның әртүрлі деңгейінде қолданылады. Сондықтан басқару есебінің стратегиялық менеджмент аясындағы пайдалы функциясы - белгілі бір кезең аралығында әртүрлі деңгейдегі бөлімшелер шешім қабылдау үшін қажетті ақпаратпен қамтиды.

Стратегиялық шешім дайындау кезінде ұйым менеджментінің қажеттілігіне қызмет көрсету үшін басқару есебінің жаңа әдістері қажет етіледі. Сол

әдістердің жиынтығын заманауи немесе стратегиялық басқару есебі деп атауға болады.

Стратегиялық басқару есебінің бір элементі ұйымның стратегиясын жасау және басқару стратегиясын жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.

"Стратегиялық басқару есебі" термині ХХ ғасырдың 20-жылдарында пайда болды. Ал стратегиялық басқару есебі аясындағы үлкен дискуссия ХХ ғасырдың 80- жылдарының аяғынан бастау алады. Баспаларда басқару есебінің дәстүрлі әдістері сынға алынып, сол уақыттың бизнесті жүргізудің бәсекелестік ортасына сәйкес келетін жаңа тәсілдерін насихаттау жүргізілді. Соның ішінде жаңа тәсіл ретінде стратегиялық басқару есебі белсенді ұсынысқа ие болды. Бірақ қазіргі уақытқа дейін стратегиялық басқару есебінің толық негіздемесі жоқ.

Колин Друри өзінің "Басқару және өндірістік есеп" атты жұмысының бір бөлімін стратегиялық басқару есебіне арнады. Автор бұл жұмысында стратегиялық басқару есебі проблемалары жөніндегі әртүрлі авторлардың анықтамаларын келтіріп, стратегиялық менеджмент үрдісіндегі стратегияны айқындауда қолдануға болатын ұйымның біріктірілген көрсеткіштерін өңдейтін жалпы тәсілдерін қарастырды.

Көп жылдар бойы стратегиялық басқару есебі нәтижелері басқару есебіне үлкен үлес қосатын, зерттемелердің әлеуетті облысы ретінде



насихатталды. XX ғасырдың 80- жылдарында Ұлыбритания Бухгалтер-аналитиктер институты басқару есебі облысындағы талдамалардың ағымдағы жағдайына талдау жасау мақсатында зерттеуге қаржы бөледі. Бұл жұмыстың нәтижелері "Басқару есебі: революция емес, эволюция" деген атаумен жарияланды. Ғылыми жұмыстың авторлары Бромвич пен Бхимани болды. Бромвич пен Бхимани стратегиялық басқару есебі - нарықтар (ұйым өз өнімдерін өткізетін), бәсекелестердің шығындары, шығындар құрылымы туралы ақпаратты ұсыну және қаржылық ақпаратқа талдау және белгілі бір кезеңде кәсіпорын стратегиясы және бәсекелестер стратегиясының мониторингі ретінде анықталды. Ғалымдар стратегиялық басқару есебіне назар аударғанымен, концептуалды негізін құра алмады.

Екінші тараптан, Дж. Иннз стратегиялық басқару есебін стратегиялық шешімдерді қабылдау үшін ақпаратпен қамтамасыз ететін тетік ретінде қарастырады. Негізінде стратегиялық шешімдер ұзақмерзімді болып келеді, ұйымның барлық жағынан қызметіне әсер етеді, ішкі құрамына бағытталмаса да, сыртқы бағыттылығы болады. Стратегиялық басқару есебінің мұндай анықтамасын қабылдау, ұйымның ұзақмерзімді негізгі шешімдерін қабылдауға ұсынылған ақпарат стратегиялық басқару есебінің категориясына жағқызылады.

Мұндай көзқарасты Купер мен Капланда ұстанды. Олар стратегиялық басқару есебінің тәсілдері ең алдымен ұйымның жалпы бәсекелестік стратегиясын қолдау, негізінде өнім мен қызметтің өзіндік құн есебін жетілдіру үшін информациялық технологияларды қолдану үшін өңделеді деп жазды. Бірақ арнайы ғылыми әдебиеттерде стратегиялық басқару есебінде басты назар сыртқа бағытқа аударылған басқа да анықтамалар ұсынылған. Мысалы, К.Симмондз стратегиялық басқару есебі терминін өз бизнесі стратегиясын өңдеу мен қадағалауға қолданылатын өз бизнесі мен бәсекелестер бизнесін талдау әдісі ретінде қарастырған.

К.Симмондздың анықтамасы бойынша, стратегиялық басқару есебі - компания, оның бәсекелестері туралы экономикалық стратегияны жүзеге асыруды өңдеу және бақылау үшін, әсіресе нақты шығындар мен бағаның, нарық көлемі мен үлесі, ақша қаражаттары мен фирманың қажет жалпы ресурстарының үлесіне қатысты деңгейі мен тенденциясын қолдану үшін басқару есебі мәліметтермен қамтамасыз ету және талдау. Келтірілген анықтамадан стратегияны әзірлеуші, яғни компанияның стратегиялық жағдайындағы өзгерістер туралы өз іс-әрекеттеріне қажетті тиімді өзгертулер қажеттілігіне негізделген стратегиялық есептің логикасы көрініс табады. Бірақ мұндай көрсеткіштер ағымдағы есепте көрініс таппайды, себебі ол пайда көрсеткіштеріне бағытталады. [1]

1992 жылы К.Уорд стратегиялық басқару есебінің ролі қаржылық нәтижелерді пассивті бекітуде емес және де мақсаты компания басшылығын басқару шешімін қабылдау үшін ішкі ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылатын дәстүрлі басқару есебінің функцияларымен шектелмейді деп тұжырымдайды. Стратегиялық

басқару есебі компанияның иесі мен басқа да серіктес топтардың қызығушылығындағы басшылықты басқару және бақылау үшін барлық деректермен қамтамасыз ететін өте күрделі және кешенді рөл атқарады деп жазды. Сонымен қатар, К. Уорд "Стратегиялық басқару есебі - бәсекелестермен, жеткізушілермен, сонымен қатар тұтынушылармен салыстырғанда бизнеспен қол жеткізілген салыстырмалы қаржылық нәтижелерді көрсететін, ұйымның еңгізуге жоспарланып отырған немесе еңгізілген бизнес - стратегия контекстіндегі басқару есебі ретінде " айқындайды.[2]

А. Смарт Коад келесідей анықтама береді: "Стратегиялық басқару есебі - енді ғана пайда болған сала, сондықтан оның шекарасы әлі анықталмаған және бұлдыр болып табылады, және сондықтан оны қалай жетілдіретінің көрсететін унифициалданған ұйғарымы жоқ, бұл бағыт бойынша жазылған әдебиеттер әртүрлі және салыстырылмайды". Бұл анықтама стратегиялық басқару есебі түсінігін стратегиялық басқару мен ұйым стратегиясымен байланысы тұрғысынан нақтылауды қажет етеді.

"Оксфордтық бухгалтерлік түсіндірме сөздігінде" стратегиялық басқару есебі менеджмент қажет ететін ұзақмерзімді стратегиялық шешімдерді орындау үшін, дәстүрлі тәсілден өзгеше, тактикалық шешімдерді қабылдау үшін ақпаратты қалыптастыруға мүмкіндік беретіндей етіп ұйымдастырылған жүйе ретінде анықталған. [1]

Стратегиялық есепке деген қызығушылық Саутгемптон университетінің менеджмент мектебінің профессоры Боб Райанның "Басшы үшін стратегиялық есеп" монографиясының жарық көруінен кейін едәуір арта түсті. Боб Райан стратегиялық есептің теоремаларын тұжырымдап, "С-цикл" моделі ретінде көрініс тапты. Оның көзқарасы бойынша стратегиялық есеп қаржылық талдау проблемаларына, яғни "4 С" төрт фактормен байланысты (ағылшынша commitment, control, cash, capability): міндеттемелер, бақылау, қолма-қол ақша және потенциал. Бұл теоремалардан негізі түрлі ұйымдардың проблемаларын қарастыруға болатын қағидалар туындайды. Оның ойынша, стратегиялық есеп дегеніміз ұйымның қаржылық және есептік проблемаларын көрсететін белгілі бір әдіс болып табылады. Боб Райан стратегиялық есепті кәсіпорын үшін ең маңызды сұрақ болып табылатын - бизнестің жағымды мүмкіншіліктерін жүзеге асыру бойынша қаржылық және экономикалық проблемалары жағынан зерттейтін негіз деп қарастырады.[3]

Сонымен қатар батыс ғалымдары стратегиялық басқару есебі төңірегінде әр алуан анықтамаларын ұсынып жатты. Мысалы 1996 жылы Рослендер төмендегідей тұжырым жасаған: Стратегиялық басқару есебі, ең алдымен, ұйымның жоғарғы басшылығын нарықтағы бәсекелестеріне қатысты стратегиялық позициясына жету және оны ұстап тұру үшін қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуі керек. Одан кейін осы жылы Лорд стратегиялық басқару есебі жөнінде басқару есебінің дәстүрлі ішкі бағытталуының кеңеюі, яғни бәсекелестер жөнінде сыртқы ақпараттың қосылуы, фирма таңдаған стратегиялық позиция мен басқару есебіне деген күтілетін екпін арасындағы байланыс деп жазды.

Стратегиялық басқару есебінің белгілі бір анықтамасына ғалымдар арасында келісім болмағандықтан, Лорд арнайы әдебиеттерді зерттей отырып, стратегиялық басқару есебінің бірнеше бағыттағы сипаттамасын берді:

- Дәстүрлі басқару есебінің ішкі бағытталуынан шығуы және бәсекелестер жөнінде ақпарат алу;

- Компания тандаған стратегиялық позиция мен басқару есебін қолданудан күтілетін тәуелділікті анықтау (яғни есеп беру стратегиялық позициялау көзқарасынан);

- Шығындарды қысқарту әдістерінің талдау арқылы бәсекелестік артықшылыққа қол жеткізу немесе құндылықтар тізілімі байланысын қолдана отыра және шығындар факторын оптимизациялау көмегімен компания өнімі дифференциалдылық дәрежесін арттыру.

Р.Паркер бухгалтерлік түсідірме сөздігінде "стратегиялық басқару есебі - кәсіпорын нарығының өтілімі, бәсекелестер шығындары, шығындардың құрылымын зерттеу ақпаратын жинау мен талдау және ұйымның стратегиясы және сол нарықтағы оның бәсекелестерінің мониторингі" деп нақтылады. [4]

Стратегиялық басқару есебі мәселесі тек батыс ғалымдарын мазалап қоймай, орыс ғалымдарының арасында үлкен талқылау тақырыбына айналды. О.Е.Николаева, О.В.Алексеева да басқару есебінің жаңа бағыты - стратегиялық менеджменттің ақпараттық қажеттілігін қанағаттандыратын, есептік-талдау жүйесі ретінде көрініс тапқан стратегиялық басқару есебіне қатысты зерттеулер жүргізді. Ғалымдар қазіргі уақыттағы стратегиялық басқару есебінің анықтамаларын жинақтап, оның негізгі мақсаты, функциялары және өзгеше ерекшеліктерін, маңызын ашуға әрекет жасады. Стратегиялық басқару есебінің құралдары ретінде едәуір заманауи және тиімді технологиялар қарастырылды. Олар:

- Қызмет түрі бойынша шығындар есебі және оның негізінде бюджеттеу;

- Қызмет түрі бойынша басқару;

- Экономикалық қосылған құн моделі;

- Ұйымдарды басқарудың келешегі бар кешенді тәсілі ретінде үйлестірілген көрсеткіштер жүйесі;

- Ұйымның бизнес-стратегиясын ұтымды қолдануға және стратегиялық-бәсекелестік күресте жаңа артықшылық беруге мүмкіндік беретін басқару есебінің белгілі үш әдістерінің интеграциялау мүмкіндігі.

Сонымен қатар, олардың еңбектерінде супермаркеттер желісі мысалында балансталған көрсеткіштер жүйесін тәжірибелік енгізу тәжірибесі жазылған.[5]

И.Н.Богатая стратегиялық есепті ішкі және сыртқы факторлардың ақпараттық ағыны базасы негізінде, кәсіпорын меншігін бағалау тетігі ретінде зерттеді. Ол стратегиялық есепті "қаржылық және басқару есебін бірыңғай жүйеге біріктіретін, және де кәсіпорын басшылары мен қызметкерлерін тиімді шешім қабылдау үшін өндірістік деректермен, сонымен қатар кәсіпорын қызметін бағалау үшін инвесторларды ақпаратпен қамтамасыз ететін

ақпараттық технологияның жаһанды моделі" деп айқындады.

И.О.Юрасова стратегиялық басқару есебінің тез тоңазытатын өнімді шығаратын кәсіпорынның жұмысының ұзақмерзімді тиімділігін бағалау үшін қолдану қажеттілігін теориялық жүзінде дәлелдеуге әрекет жасады. Өзінің "Бухгалтерлік есеп" журналында жарық көрген "Стратегиялық басқару есебі" мақаласында автор әртүрлі шетел ғалымдарының жарияланымдарына талдау жасап, стратегиялық басқару есебі мен басқару есебінің дәстүрлі түсінігін салыстырып, айырмашылықтарын айқындады.

Басқару есебі жүйесінің тәжірибелік қойылым аспектілерін қарастыра отырып, Д.Волошин стратегиялық басқару есебінің негізгі элементтерін ашады: миссия, кәсіпорынды жүргізу, стратегиялық мақсаттар, критикалық сәттілік факторлары, көрсеткіштердің балансталған жүйесі, қаржылық көрсеткіштер мен қатар қаржылық емес көрсеткіштер.

Инновация стратегиялық есебін А.Н.Щемелев тұжырымдады, сонымен қатар инновация стратегиялық басқару және қаржылық есебінің құрудың және енгізудің әдістемелік негізін қамтамасыз ететін инновация стратегиялық есебінің басты моделін ойлап шығарды. А.Н.Щемелевтің ғылыми жұмысында стратегиялық басқару есебі тек басқару есебі емес, сонымен қатар қаржылық есепті қосады деп жазған. Ғалымның ойынша "инновация стратегиялық қаржылық есебінің объектісіне төмендегілер жатады: меншік, резервтік жүйе, бренд, тауарлық марка, территориялық және уақытша фракталдар. Ал инновация стратегиялық басқару есебінің қажеттілік тәуелділігіне байланысты объектілері: бизнес-бірліктер, қызмет сегменттері; шығындар, пайда мен нәтиже; ақша ағыны болып табылады".

Ипотекалық корпорациялар мен агенттіктердегі стратегиялық есептің сұрақтары Н.Ю.Салова жұмысында қарастырылған. Өзінің ғылыми зерттеу жұмыстарында, автор ипотекалық қызметтің сала өзгешелігін ескере отырып, стратегиялық болжамдау, есебі және бақылау моделін құрды. Бұл модель меншік көрсеткіштеріне бағытталып, стратегиялық есептің көрсеткіштер жүйесінде құрылған(таза активтердің баланстық, нарықтық және әділеттік құны, жағымды және жағымсыз маржа, таза пассивтер). Бұл көрсеткіштер модельде өңделіп жатқан стратегия, ұзақ мерзімді мақсаттар, стратегиялық болжамдау және есеп әдістері, қолданылатын есептік құралдар және секьюритизациямен қамтамасыз ету мақсатындағы стратегиялық бақылау жүйесі, төлемқабілеттілігі, резервтік жүйе, тәуекелдер, сыртқы факторлардық ықпалын анықтау және оларды жүзеге асыру мәнмәтінінде қарастырылған.

Профессор В. Э. Керимов стратегиялық есеп туралы анықтамаларды жалпылап, оның мәнін, негізгі мақсаттарын, әдістерін және ерекшеліктерін өзінің "Стратегиялық есеп" оқу-әдістемелік құралында жазды. Автор стратегиялық есеп жөнінде "шаруашылық субъектісінің менеджер аппаратына стратегиялық басқару шешімдерін қабылдау үшін

қажетті тіркеу жүйесі, деректерді жалпылау және көрсету" деп түсіндірді.

Стратегиялық басқару есебінің батыс елдеріндегі жағдайы мен дамуына профессор В.А.Терехова еңбегін арнады. Ғалым стратегиялық басқару есебіне "заманауи өндірістік салаға бейімделген, тарату каналы арқылы көп өлшемді стратегиялық байланысты және мақсатты сатып алушылар (тұтынушылар) қажеттілігін анықтауды қосатын есептік жүйе" деген анықтама берді.

Стратегиялық басқару есебінің құралдары О.В.Митина мен Г.И.Мальцева жұмыстарында қарастырылды. Олар стратегиялық басқару есебін жоғарғы оқу орны тұрғысынан қарастырады. "Стратегиялық басқару есебі стратегиялық менеджменттің жоғарғы оқу орнына сәтті енгізу және әрекет етуіне қажетті есептік-талдау жүйесі. Жоғарғы оқу орнында қолданылатын стратегиялық басқару бақылауының негізгі құралдары мен технологияларына: кешенді басқару сапасы жүйесі, балансталған көрсеткіштер жүйесі, бюджеттеу, болжамдау, қызмет түрлері бойынша шығындар есебі және т.б." деп тұжырымдады.

С.И.Крылов "стратегиялық басқару есебі - стратегиялық басқару шешімдерін қабылдау үшін ақпараттық қамтамасыздандыру құрылатын, басқару есебінің бағыты. Стратегиялық басқару есебі төңірегінде сыртқы бизнес-ортасына (бәсекелестер, жеткізушілер, сыртқы экономикалық жағдай, мемлекет тарапынан әрекеттер) мұқият талдау жасалады, яғни өзінің қызмет атқару кезінде нарықтағы стратегиялық позициясын, өнімдер дифференциациясын есепке алынады және ұйымның құндылықтарының толық тізімі құрылады".[6]

Ж.Н.Айтжанова өз зерттеулерінде келесідей анықтама береді: стратегиялық есеп - басқару жүйесі, бухгалтерлік есеп мәліметтеріне сүйенеді, қаржылық, экологиялық, стратегиялық басқару, талдау жасау үшін жеке меншік иелерін және басқарушыларды қаржылық ақпаратпен қамтамасыз ету, таңдау және өткізу стратегиясын, объектіге салым салу мақсатында инвесторларды ақпаратпен қамтамасыз ету.

Стратегиялық есептің мәні туралы айтсақ, Ж.Н.Айтжанова келесідей анықтама береді: "Сондай-ақ, есеп стратегиялық басқару үшін тікелей жоспарлаумен, талдаумен, болжаммен, ұйымды басқарудағы стратегиялық шешімдерге байланысты болады".

Стратегиялық басқару есебінің әртүрлі түсінігінің талдауы көптеген авторлардың оның мәнін аша отырып, негізгі назарын оның сыртқа бағытталуына аударған. Осыған байланысты "стратегиялық есеп" түсінігінің туындағаны көрініп тұр.

Кей ғалымдар стратегиялық басқару есебін басқару есебі жағынан қарастырып, басты назарды шығындарға аударған (Н.В. Валебникова, М.А. Вахрушина, Т.П. Карпова, О.Е. Николаева, В.Л. Суйц т.б.).

Басқа да авторлар басқару есебін белгісіздік шарттарында зерттеу қажеттігін айтып, басқару есебі стратегиялық деңгейге жетіп, стратегиялық

бухгалтерия құруды меңзейді (И.Н. Богатая, А.Л.Щемелев).

Стратегиялық аспектілерді кей зерттеушілер зерттеу жұмыстарының, әдістемелерінің негізі етіп алған:

- Шығындарды стратегиялық басқару концепциясы - Дж. Шанк және В. Говиндараджаи;
- Капитал құнын басқару концепциясы - А. Раппопорт, С. Стюарт және К. Уолш;
- Ақша ағынын болжамдау, бақылау және оптимизациялау концепциясы - А. М. Кинг;
- Фирманы қайта құру концепциясы - ГуиярФрансис Ж. және К. Джеймс;
- Коммерциялық ұйымның тепе-теңдік концепциясы - Дж. Вайнер және Дж. Р. Хикс.

К. Друри, Дж. Кидуэлл, О.И. Кольвах, Е.И. Муругов, Я.В. Соколов, В.И. Ткач, А.Д. Шеремет, Дж. Фостер, Х. Хендерсен, Ч.Т. Хорнгрен басқару есебінің стратегиялық бағытымен байланысты мағынасы жағынан жақтаушылар болып табылады.

Келтірілген анықтамаларды талдай отырып, төмендегідей қорытындылауға болады:

- Стратегиялық басқару есебі ақпараттық жүйе болып табылады;
- Стратегиялық басқару есебі стратегиялық басқару шешімдерін қабылдау үрдісіне бағытталған;
- Стратегиялық басқару есебі кәсіпорынның ішкі ортасы туралы ақпаратпен ғана емес, сонымен қатар сыртқы ортасына аса назар аударады;
- Кей авторлардың ойынша, стратегиялық басқару есебі тек қана салыстырмалы қаржылық нәтижелермен қамтуы керек десе, енді екіншілері заманауи ситуациялардың талаптарына сәйкес қаржылық емес ақпаратты қарастыруы керек деп ұйғарды.

Стратегиялық басқару есебін айқындауда талданып отырған объектінің ерекшелігін есепке алу керек, ол бір жағынан, стратегиялық басқару есебінің түсінігін құрайтын экономикалық категория екендігі, екіншіден ұйымның өзгеше ерекшеліктерін басты назарға алу және кәсіпорындарда стратегиялық басқару есебінің әрекет етуі болып табылады. Кәсіпорындағы басқару үш әдістеменің біреуінің негізінде жүзеге асады:

- Трансферттік баға қолдану;
- Бюджеттеу;
- Топтағы ішкі федерализм(кәсіпорын қатысушыларына қызметін жүргізу кезінде айтарлықтай өкілеттілік беру).

Кәсіпорындағы басқару есебі - кәсіпорынның басқару тобына шаруашылық қызметті болжамдау, бағалау, бақылауды жүзеге асыру үшін, кәсіпорынның ресурстарын үнемді қолдануды қамтамасыз ету және олардың есебін толық бақылау және дәлелді басқару шешімдерін қабылдау үшін қажетті ақпаратты өлшеу, жинақтау, талдау, дайындау, өзгерту және ұсынуды қамтамасыз ететін элементтер жиынтығы.

Қазіргі таңда Қазақстанда басқару жүйесінде ұзақ мерзімді стратегиялар кеңінен қолданылып жүр. Олар "Қазақстан - 2050" Стратегиясы, индустриалды-инновациялық даму стратегиялары, Қазақстан Республикасының 2020-шы жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары. Қазақстандағы

нарықтық тұлғалардың, Яғни кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары мен жетекші мамандары бұл стратегиялардың мәнісін, мақсаттарын, қол жеткізу жолдарын, негізгі нәтижелерін білмейінше сәтілікке қол жеткізу қиынға соғады, себебі олар қазіргі кездегі және болашақтағы экономикалық идеология болып есептеледі. [7]

Стратегиялық басқару есебін ұйымдастырудағы маңызды көрсеткіштердің бірі болып - кәсіпорындардан нарық жағдайында ғылыми-техникалық үдерістің жетістіктерін, өндірісті басқарудың тиімді нормаларын енгізу арқылы және қолданылмаған резервтерді шоғырландыру арқылы өндіріс тиімділігін, қызметпен өнімнің бәсеке қаблеттілігін арттыру талап етіледі.

Стратегиялық басқару шешімдерін қабылдау кезінде қызметті талдау, бақылау және басқару аяларында бухгалтерлік ақпараттың ролінің арттыруымен ұштасады.

Тиімді стратегиялық басқарушылық шешім қабылдап, стратегиялық жоспар құру үшін әр кәсіпорын өзінің шығындарын, сондай-ақ сол өндірістік шығындары туралы ақпаратты талдай білу қажет. Шығындарды талдау тиімділікті анықтауға, олардың тым көп болатынын, бағаны дұрыс бекітуге, шығындарды тиімді басқаруға және реттеуге, пайда мен өндіріс рентабельділік деңгейін стратегиялық басқару шешімін және жоспарлауға мүмкіндік береді.

Кәсіпорынның стратегиялық басқару есебінің мақсаты - өнім шығару, оны өткізу мен пайда алу және стратегиялық шешім қабылдау.

Нарық экономикасы жағдайында тұтынушылар шаруашылықты жүргізудің жаңа тәсілдерін кеңінен қолданып отыр. Осыған байланысты стратегиялық басқару есебін дұрыс жүргізу мен шешім қабылдау, жинақ, синтетикалық көрсеткіш ретінде өзіндік құнның мәні ерекше артуда. Басқару есебінде өзіндік құн шаруашылықты басқарудың, өндірісті ұйымдастырудың, еңбекті ұйымдастырып, ынталандырудың, үнем тәртібін сақтаудың, ғылым мен техника жетістіктерін пайдалану деңгейінің қаншалықты өскенін көрсетеді. Кәсіпорындар алатын табыстар міне осы көрсеткіштің шамасына тікелей байланысты.

Осыдан кәсіпорын қызметін бақылаудың басты құралы болып стратегиялық басқару есебі мен есептілік жүйесі болып табылады. Ол компания басқармасына келесі мақсаттарды тиімді шешуге мүмкіндік береді:

1. Шынайы экономикалық жағдайды, оның ішінде кәсіпорынның оперативті режиміндегі экономикалық қауіпсіздік көрсеткіштері мен деңгейін бақылау мен бағалауды және қажетті шешімдерді қабылдауды қамтамасыз ету;

2. Оперативті қызметті бақылауда директорлар кеңесі мүшелерінің қажетті белсенділікпен қамтамасыз ету;

3. Басқармадағы атқару органдары басшылары компетенциясына бақылау және бағалау жүргізуді қамтамасыз ету;

4. Дәлелденген сын-пікірлі шешімдермен қамтамасыз ету;

5. Алдын ала бекітілген стратегиялық жоспарлар мен іс-шараларбойынша қабылданған шешімдерге уақытылы баға беру.

Стратегиялық басқару ұйымның болашағы туралы тереңнен ойлануға мүмкіндік беруімен қоса, ол:

- тиімді негізде мүмкін стратегияларды қалыптастыру мен ұйымға қандайда бір стратегияның қаншалықты сәйкес келетіндігін анықтайды;

- оңтайлысын таңдап алу үшін шығындарды басқарудың баламалы жолдарын іздейді;

- қандай да бір шешімдердің мүмкін салдарын есепке алу үшін болашақта бейімделе білуді дамытады;

- ұйым ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалануды әрі сауатты орналастырады;

- ұйымдастырушылық мәселелерді шешуде жүйелі тәсіл әдіснамасын қолданады және осының негізінде неғұрлым тиімді басқаруды дамытады;

- біртұтас ұйым аясында коммуникация, үлестіру және бақылау үдерістерінің өзара тәуелді элементтерінің бірыңғай кегеніне байланыстырады;

- қызметкерлердің уәждемесі мен ынтасын ынталандырады, ұйым миссиясын және жекелеген даму мен қызметкерлердің өсуі үшін ұйымдастырушылық мақсаттарға қол жеткізу мәнін түсінуді анықтайды;

- өзгерістерге төтеп береді, инновациялық ұйымдастырушылық мәдениетті қалыптастырады.

Стратегиялық басқару басшылардың басқару тұрғысынан ойлау қабілетінің кеңдігін дамытады, оларды ұйым үшін неғұрлым пайдалы етеді. Осы салада білімі мен машығы бар басшылар қызметтік сатыда жоғары жетістіктер мен тамаша мансапқа қол жеткізе алады. Ал қызметін жаңа бастаған басшыларға стратегиялық басқару ұйым қалай жұмыс істейтіндігін, кәсіпорынның шығындарын басқара отырып, болашаққа стратегиялық маңызды шешімдерді қабылдауға мүмкіндік береді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Друри К. Управленческий учет для бизнес-решений: учебник / Пер. с англ. М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003. 655 с.

2. Уорд К. Стратегический управленческий учет / Пер. с англ. М.: ЗАО "Олимп-Бизнес", 2002. 448 с.

3. Райан Б. Стратегический управленческий учет для руководителя / Пер. с англ.; под ред. В.А. Микрюкова. М.: Аудит, ЮНИТИ, 1998. 616 с.

4. Сагинов Н.А., Шакирова Г.А. Основные направления развития стратегического управленческого учета.// Посткризисные ориентиры социально-экономического и инновационного развития Казахстана - 2010.

5. Николаева О.Е., Алексеева О.В. Стратегический управленческий учет. М.: Едиториал УРСС, 2003. 304с.

6. Л.В. Юрьева. Методологическая основа стратегического управленческого учета в холдинговых структурах// Вестник уту-упи, 2009. № 6.

7. Стратегия "Казахстан - 2050": новый политический курс состоявшегося государства// электронный ресур. - Режим доступа: <http://akorda.kz>

**Жанна АРЫНОВА**, кандидат экономических наук, доцент, Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, 100009, Республика Казахстан, г. Караганда ул. Академическая, 9  
tamatai1966@mail.ru, +77014683168

**Юлия КАРЕВА**, магистрант, Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, 100009, Республика Казахстан, г. Караганда ул. Академическая, 9, 13.10.92@mail.ru, +77054193434

## ЗЕЛЕНЫЙ МАРКЕТИНГ КАК ФАКТОР ПОВЫШЕНИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ ПРЕДПРИЯТИЯ

В данной статье дается понятие о "зеленом" маркетинге и рассматриваются вопросы повышения конкурентоспособности предприятий путем его применения. Целью статьи является освещение роли зеленого маркетинга как инструмента обеспечения конкурентоспособности предприятий. Стремление выяснить сущность экономического маркетинга выявило значительные различия в трактовке этого экономического явления.

**Ключевые слова:** зеленый маркетинг, экологическая безопасность, конкурентоспособность, конкурентная среда, экономика.

**Жанна АРЫНОВА**, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, 100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Академическая көшесі, 9  
tamatai1966@mail.ru, +77014683168

**Юлия КАРЕВА**, магистрант, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, 100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Академическая көшесі, 9, 13.10.92@mail.ru, +77054193434

## ЖАСЫЛ МАРКЕТИНГ КӘСПОРЫН БӘСЕКЕЛЕСТІГІН АРТТЫРУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Аталмыш мақалада "жасыл" маркетингке түсініктеме беріледі және оны кәсіпорын бәсекелестігін арттыру мақсатында қолдануы қарастырылады. Мақала мақсаты жасыл маркетингті кәсіпорын бәсекелестігін арттыру құралы ретінде қолдану. Бұл экономикалық ұғымның өзегін анықтауға тырысу оның түсініктемесінде көптеген айырмашылықтардың пайда болуына әкеліп соқты.

**Түйін сөздер:** жасыл маркетинг, экологиялық қауіпсіздік, бәсекелестік, бәсекелестікорта, экономика.

**Zhanna ARYNOVA**, Candidate of Economics, assistant professor, Karaganda Economic University of Kazpotrebsoyuz, 100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Akademicheskaya str., 9,  
tamatai1966@mail.ru, +77014683168

**Yuliya KAREVA**, postgraduate, Karaganda Economic University of Kazpotrebsoyuz, 100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Akademicheskaya str., 9, 13.10.92@mail.ru, +77054193434

## GREEN MARKETING AS A FACTOR OF COMPETITIVENESS OF ENTERPRISES

This article presents the concept of "green" marketing and deals with improving the competitiveness of enterprises through its application. The aim of the article is to clear the role of green marketing as a tool for ensuring the competitiveness of enterprises. The intention to find out the essence of the economic marketing revealed significant differences in the interpretation of the economic phenomenon.

**Keywords:** green marketing, ecological security, competitiveness, the competitive environment, the economy.

В наше время движение по пути экологизации является мировым трендом. 22 июня 2012 года в Рио-де-Жанейро прошла конференция ООН, касающаяся устойчивого развития "Рио+20", которая была посвящена "зеленой экономике". Сегодня часто встречаются следующие понятия: экологический маркетинг, экологический менеджмент, экологический контролинг, экологический товар, экологическое страхование. Многие мировые компании основой своего долгосрочного устойчивого развития, кроме экономического и социального аспектов, считают аспект экологический.

Меняющиеся условия бизнеса и рыночной экономики, увеличение экологических требований покупателей к качеству товаров, а также требования акционеров, нормативные требования, повышение

цен на ресурсы ведут к тому, что компаниям приходится решать ряд следующих задач:

- организация производства новых экологически чистых продуктов и товаров;
- использование экологических факторов, чтобы создать преимущество фирмы перед конкурентами;
- увеличение привлекательности фирмы для инвесторов;
- выявление потенциала экологической и экономической эффективности;
- соблюдение экологического законодательства.

Тим Вольф и Алина Лаубер провели анализ практики бизнеса и предложили такую классификацию "зеленых" стратегий, которыми пользуются зарубежные предприятия [7, с. 3 - 4]:

1. Зеленые миссионеры, для которых озеленение - основа бизнеса. Экологическая и социальная

ответственность - основа операционной работы фирмы.

2. Зеленые создатели ценности - товары фирмы должны быть зелеными; это является их отличительной чертой.

3. Зеленые пользователи - продукты фирмы дают зеленый эффект при их использовании, что ведет к экономии затрат покупателя, который вносит свой вклад в устойчивое развитие во время пользования товаром или продуктом.

4. Зеленые гибриды - продукты и товары, зеленые и при производстве, и при потреблении, это гибриды второй и третьей стратегий, они лучше с точки зрения экологии.

5. Зеленые художники стараются подчеркнуть зеленое поведение с целью создания экологического имиджа.

В 2010 г. Международное объединение контролеров (ICV) обсудило тему "Переход к зеленым бизнес-моделям в качестве части устойчивости корпорации". Был проведен опрос представителей ряда зарубежных компаний.

Одним из вопросов исследования был вопрос понятия "озеленения" бизнеса. Исследование ответило на него следующим образом: это уменьшение затрат энергии, выбросов CO<sub>2</sub>, потребления воды, предупреждение опасных отходов, сокращение выбросов азота, органических соединений и других вредных выбросов [6].

Исследование показало, что на экологическую активность компаний влияют государство, потребители, руководство и общественность, а также конкуренты влияют на быстрее "озеленение" фирмы [6].

Что можно сказать об экологизации предприятий в Казахстане? Рассмотрим этот вопрос с трех сторон: первое, - со стороны органов государства, которые могут влиять на данный процесс извне; второе, - со стороны предприятий; третье, - со стороны потребителей.

Одно из главных понятий в данной области - понятие "экологической безопасности". Экологическая безопасность - это состояние защищенности природы и жизненных интересов человека от возможного отрицательного воздействия деятельности хозяйственных предприятий, а также чрезвычайных ситуаций в природе.

В Казахстане принят ряд законов, которые призваны обеспечить экологическую безопасность жизни и здоровья граждан.

Цель стратегии политики государства в области экологии РК - решение социально-экономических задач, которые обеспечили бы рост экономики, ориентированной на решение экологических проблем: охраны природы и ее ресурсов, сохранения благоприятной среды окружения, обеспечения безопасности в области экологии [4]. Чтобы достичь этой стратегической цели, необходимо решить следующие главные задачи:

- сформировать действенную систему управления охраны окружающей среды и обеспечить безопасность в области экологии, которая будет предусматривать взаимодействие в работе органов государства;

- усовершенствовать законы в области охраны природы, окружающей среды и экологической безопасности;

- предотвратить и снизить постоянное отрицательное воздействие на окружающую среду;

- восстановить нарушенное естественное экологическое равновесие;

- развивать регулирование экономики и рынка в области охраны природы и экологической безопасности;

- усовершенствовать государственный мониторинг окружающей среды и способности прогноза чрезвычайных ситуаций в природе и на производстве, в изменении климата;

- обеспечить возможность использования новейших достижений науки и информации в области охраны природы и экологической безопасности;

- развивать международное сотрудничество в сфере охраны природы и обеспечения безопасности экологии [4].

Отрицательное воздействие деятельности предприятий на окружающую среду и ущерб природе, нанесенный в прошлые годы, привел к тому, что природе нанесен значительный вред и качество окружающей среды находится в неудовлетворительном состоянии в ряде областей Казахстана. По этим причинам возникли новые приоритеты государства в руководстве увеличением уровня безопасности окружающей среды, сохранением существующих природных систем, охраной экологии. Для этого необходимо решить такие задачи:

- снизить общую антропогенную нагрузку на окружающую среду, повысить экологическую эффективность экономики;

- сохранить и восстановить биологическое разнообразие Казахстана;

- повысить эффективность работы гидрометеорологии и мониторинга окружающей среды;

- организовать научные исследования в мало изученных областях.

Следовательно, главными проблемами в области охраны окружающей среды на ближайшие годы являются следующие:

- невысокая эффективность действующей системы нормирования отрицательного воздействия на природу;

- большая загрязненность атмосферы, воды, отходы производства;

- низкий уровень обезвреживания и вторичной переработки отходов производства и потребления;

- недостаточное развитие охраны экологии, экологически действенного оборудования, услуг в области экологии;

- риск сокращения видов и количества представителей животного и растительного мира, разрушение природных систем.

Главными итогами выполнения программы государства в области экологии являются такие ожидаемые результаты:

- организация эффективной системы государственного управления в сфере охраны природы и обеспечение безопасности в области экологии;

- поощрение компаний, которые осуществляют экологическое усовершенствование производства и

экологическое восстановление определенных территорий;

- создание условий, способствующих разработке и введению в эксплуатацию экологически эффективных новейших технологий, которые обеспечат уменьшение вредных выбросов и размещения отходов;

Халықты жұмыспен қамту жүйесінің қалыптасқан тиімсіздігін, оның салалық, функционалдық және кәсіби құрылымының бір қалыпта қалып қоюын жөнге келтіру, жұмыс күшін өндіру, жұмыспен қамту үрдістерінің барлық жиынтығының бейімделу мәселелерін шешуде еңбек нарығы көшбасшы рөлде.

Еңбек нарығы деп тек жалдану сатысында ғана емес келешек еңбек қызметі барысында да тұрақты табыс орнына ие болуды қалаушылардың тең шарттары және бәсекелестік жағдайында мемлекеттік және нарықтық реттеушілер ықпалымен қалыптасатын оның қатысушыларының ұзақ уақыт аралығындағы қарым-қатынас үрдісі түсіндіріледі.

Заманауи шарттарда жұмыссыздықты реттеудің ұйымдастырушылық-экономикалық механизмінің негізгі құраушысы ретінде еңбек нарығында дағдарысты жағдайымен сипатталатын, аймақтарға мониторинг жасауды санаған жөн. Мұндай аймақтарды анықтаудың қажеттілігі, бір жағынан, жұмыссыздық және жұмыс орындармен қамтылу деңгейінің қалыптасқан күрделі аймақаралық дифференциациясы, басқа жағынан, - жұмыспен қамту, жұмыссыздарды қайта оқыту және жұмыссыз халыққа жаңа жұмыс орындарын жасау мәселелерін шешу үшін қолданылатын ҚР субъектілерінің қаржылық ресурстарының шектеулілігімен шарттастырылған. Еңбек нарығында дағдарысты жағдай қалыптасқан аймақтарды анықтаудың негізгі мақсаты олар үшін аймақтар аясында жұмыспен қамтуды ынталандыруда едәуір жағымды тәртіпті қамтамасыз ететін, ерекше ұйымдастырушылық-экономикалық механизмді қалыптастыру.

Қазіргі уақытта аймақтардағы еңбек күшінің артық болуын анықтауға негіз болатын ғылыми негізделген критериілер, көрсеткіштер және нормативтер жоқ. Осылайша, еңбек күшінің мол болуы жұмыс күшінің ұсынысының оған деген сұраныстан артуымен анықталады. Мұндай анықтама орынды, алайда әрдайым аймақтық еңбек нарығының шынайы бейнесін аша бермейді. Еңбек нарығындағы жағдай тең емес аймақтарды еңбекке мол деп жатқызуға үшін қажетті критериілерді әзірлеу қажеттілігі туындайды. 1 кестеде ҚР субъектілерінің еңбекке мол болуын анықтауға арналған статистикалық мәліметтер келтірілген. Бұл жердегі жұмыссыздық көрсеткіштері ЭБХ-тың 10%-нан асады.

1 кесте - ҚР субъектілері бойынша 2015 жылдың жалпы жұмыссыздық деңгейі және экономикалық белсенді халықтың саны

	Экономикалық белсенді халық, мың адам	Жұмыссыздық деңгейі, %
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>8961,8</b>	<b>5,0</b>
Ақмола	455,3	4,9
Ақтөбе	443,2	4,9
Алматы	1030,8	4,8
Атырау	317,8	4,9
Батыс Қазақстан	337,9	5,0
Жамбыл	539,3	4,9
Қарағанды	733,6	5,0
Қостанай	501,3	5,1
Қызылорда	317,2	5,0
Маңғыстау	260,9	5,1
<b>Оңтүстік-Қазақстан</b>	<b>1149,4</b>	<b>5,6</b>
Павлодар	436,7	4,9
Солтүстік-Қазақстан	332,4	4,9
Шығыс-Қазақстан	729,0	4,9
Астана қаласы	488,8	4,7
<b>Алматы қаласы</b>	<b>888,4</b>	<b>5,3</b>

Ескерту - ҚР Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитеті мәліметтері бойынша автормен құрастырылған

1-кестеде көрініп тұрғандай Республиканың оңтүстік аймақтары, оның ішінде Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстары еңбекке мол өңірлер болып табылады. Аталған облыстардағы белсенді халық санындағы жұмыссыздар көлемі де сәйкесінше жоғары.

XX ғасырдың 90-шы жылдары басталған Қазақстан халқының депопуляциясы нәтижесінде еңбек ресурстарының саны мен сұраныс көлемі едәуір азайды. Еңбек, табиғат және қор ресурстарының және олардың кеңістікті ұйымдастырыуының шоғырлануы арасында диспропорция ұлғайды.

Депопуляция, халық жасының ұлғаюы және миграциялық процесстер ("мый ағып кетуі", біліктілігі төмен жұмыс күшінің келуі) жұмыс күшінің сандық

қана емес, сапалық көрсеткіштеріне де жағымсыз әсер етеді, себебі қазақстандық цивилизацияның жинақталған әлеуеті және білікті жұмыс күшінің өндірілуінің бастапқы шарттары жойылады; халықтың интеллектуалды және рухани әлеуетінің регрессінде, жұмыс күшінің біліктілігін жоғалтуы мен қарапайымдануында көрініс табатын еңбек ресурстарының маргинализациясы орын алады.

Қазақстан Республикасында демографиялық жағдай еңбек нарығының қызмет ету механизмінің едәуір деформациялануын шарттастырады. Халық саны нарық дамуының басты индикаторы болып табылады, себебі тауарлар мен қызметтердің басты тұтынушысы халық, ол қажетті қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін сенімді инфрақұрылымдық базаға, тұтынушылық нарыққа деген талаптарды анықтайды. Халық санына байланысты жиынтық ақшалай табыстар және сәйкесінше төлем қабілетті сұраныс қалыптастырылады.

Ең алдымен демографиялық факторлардың ықпалымен 2020 жылға қарай ҚР-да жұмыс күшінің артуы күтілуде. Жұмыс күшінің арту динамикасы болашақта жұмыспен қамтылмаған халықтың екі есе артуын бағалауға мүмкіндік береді.

Біздің пікірімізше, ҚР тән, еңбек ресурстарының жоғары өсу қарқыны, жаңа жұмыс орындарын ұйымдастырудан да сәйкес қарқынды талап етеді. Бұл маңызды шарттың орындалмауы әрқыйлы әлеуметтік-экономикалық жағымсыз салдарларға алып келеді, халықаралық қатынастарда тығыз жандай туғызады және де жұмыссыздық мәселесін өткір етіп қояды. ҚР-дағы демографиялық жағдай еңбек нарығына қысым тудыра отырып әсер етеді.

Қазақстан Республикасында кәсіби мансап әкімшілік ресурс және туыстық қатынастар арқылы жүзеге асуы орын алуда. Осы жағдайда еліміздің интеллектуалды-еңбек күшінің сырқа шығуын көріп

2 кесте - 2015 жылға арналған халықтың көші қоны (елден кетуі) адам

	Миграция (көшіп кеткені барлығы)	Оның ішінде		Ішкі миграция
		ТМД едері	Басқа елдер	
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>364094</b>	<b>18937</b>	<b>2054</b>	<b>182227</b>
Ақмола	14061	1563	217	5071
Ақтөбе	13630	475	45	8103
<b>Алматы</b>	<b>45431</b>	<b>550</b>	<b>47</b>	<b>15643</b>
Атырау	8765	113	4	4922
Батыс Қазақстан	13315	713	18	9131
Жамбыл	20316	685	55	5959
Қарағанды	26384	2730	436	15703
Қостанай	21196	2184	221	14871
Қызылорда	14719	46	0	6976
Маңғыстау	8720	353	4	3585
<b>Оңтүстік Қазақстан</b>	<b>46713</b>	<b>537</b>	<b>42</b>	<b>24833</b>
Павлодар	16492	2130	268	10332
Солтүстік Қазақстан	18433	1997	160	11150
<b>Шығыс Қазақстан</b>	<b>33139</b>	<b>2893</b>	<b>107</b>	<b>20185</b>
Астана қаласы	24422	352	74	5792
<b>Алматы қаласы</b>	<b>38358</b>	<b>1616</b>	<b>356</b>	<b>19971</b>

Ескерту - ҚР Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитеті мәліметтері бойынша автормен құрастырылған

отырмыз. Республиканың еңбек және интеллектуалды әлеуеті елімізге қайтып келмейтіні барлығымызға мәлім. Елімізден табысты жұмыс орнын іздеп шет ел асып кететін отандастарымыз негізінен Ресей, Европа және АҚШ елдеріне миграциялауда.

Жоғарыда аталып кеткендей жұмыс күшінің мол болуы Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстарында, Алматы қаласында көрініс табуда. 2-кесте бойынша дәл осы аймақтардағы халық миграциясы, сонымен қатар Шығыс Қазақстан облысында да ішкі көші-қон және ТМД елдеріне миграциялау жоғары деңгейде. 2014 жылы Шығыс Қазақстан облысы жұмыспен қамту және әлеуметтік қамсыздандыруды үйлестіру басқармасының өзге өңірлерден жұмыс күшін тарту жайлы бағдарламасы аясында 2015-2017 жылға арналған жұмыспен қамтудың электронды картасын жасаған бұл өңір "жұмыс күші мол аймақтардан (Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарынан) еңбекке жарамды азаматтарды" шақыру жүзеге аса бастаған. Сонымен қатар өңір халқының Қытай Халық Республикасына да көшуі жоғары деңгейде.

Біздің пікіріміз бойынша, еңбекке мол аймақтардағы халқының миграциялық мінез-қылықтарының себептері байланысты: халықтың табиғи өсімі, ұзақ уақыт аралығындағы жұмыссыздық, формалды жұмысбасталақтың тұрақсыздығы, жемқорлық, көп салалардың дамымағандығы, халықтың еңбек ақы төлеуге, еңбек шарттарына қанағаттанбауы.

Зерттеу нәтижесінде еңбекке мол аймақтардан жұмыс күшінің кетуі, болашақта реципиент-аймақтардың экономикалық дамуын, мигранттардың өмір деңгейінің артуы, олардың мансап жасауына, сапалы білім алуына, әлеуметтік қамтамасыз етілуіне мүмкіндік береді. Аймақаралық айырмашылықтың нәтижесінде орын алған аймақ халықтарының арасындағы этномәдени айырмашылық мигранттардың орналасқан жерлерінде, бәсекелестіктің артуы, арзан жұмыс күшінің пайда болуы және т.б. мәселелер әлеуметтік қысым туғызуы мүмкін.

Біздің пікіріміз бойынша, халықтың жұмыс ісдеу барысындағы көші-қон процесі еңбекке мол аймақтарда өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, әлеуметтік сала белсендірілмегенше жалғаса береді. Еңбекке мол аймақтарды экономикалық дамыту шарты ретіндегі, еңбек нарығын реттеуге бағытталған шаралар, ҚР-да тиімді жұмыспен қамту саясатын және экономикалық реформалардың сәйкес стратегияларын қалыптастыруға алғышарт болады. Кейінгі 20 жылда осындай аймақтардың бюджеті дотациялылығымен сипатталады. Ұлттық қордан бөлінетін субвенциялар, трансферттер және басқа да қаржылай көмек түрлері жергілікті бюджеттердің "бекітілген" баптары болып қалыптасып алды. Бұл жағдай еңбекке мол аймақтардың депрессивті жағдайының тереңдеуін білдіреді.

ҚР-да еңбек нарығы инфрақұрылымы қызметін оңтайландыру бойынша ұсыныстар әзірледік:

- әлеуетті және "жалған" жұмыссыздарды анықтау мақсатында (салық органдарын жұмылдыру

арқылы) еңбек нарығындағы жағдайға мониторинг жасау;

- қоғамдық жұмыстардың түрлері кем көлемін кеңейту, және де жұмыс берушілермен олармен жасаған келісім-шарттар негізінде тығыз қарым-қатынасты қамтамасыз ету;

- жұмыспен қамту қызметтерінің жетекшілігімен ЖОО-да түлектерді жұмыспен қамту орталықтарын ашу және келешек жұмысқа орналасу процессін бақылау;

- халықты жұмыспен қамтуға әрекеттесетін, шараларға республикалық бюджеттен қаражат бөлу;

- жеке агенттіктердің құрылуына түрткі болу үшін оларға жеңілдік негізінде несие мен ғимарат және т.б. беруге жәрдемдесу; жұмыспен қамтуға және персоналды іріктеуге әрекеттесетін мемлекеттік емес ұйымдардың қызметін реттеу үшін құқықтық нормалар әзірлеу;

- еңбек мигранттары және еңбек нарығының басқа да сегменттеріне (әйелдер, мүгедектер, бұрын әскери болған азаматтар) маманданатын құрылымдар құру;

- еңбек нарығындағы жағдай өзгерген жағдайда шығыстар бөлімдері бойынша қаражаттарды (үнемделген қаражаттарды есепке алғанда) қайта таратудың икемді механизмін қолдану;

- қосымша қаражат көздерін тарту, оның ішінде аймақтық бюджет есебінен жұмыссыздарды кәсіби бағыттау мен қайта даярлау бойынша жұмыстарды қаржыландыру көлемдерін арттыру;

- аймақтық еңбек нарығын әкімшілік-құқықтық реттеуді жетілдіру.

Жүргізілген ҚР жұмыссыздық және еңбек ақы төлеуді корреляциялық талдау көрсетті:

- кедейліктің басты себебі жұмыс істейтін отбасы мүшелерінің төмен жалақысы болып отыр;

- еңбек нарығының мәселелері жоғары кәсіби білімді талап етпейтін жұмыс орындарында, жоғары білікті мамандардың қолданылуында көрініс табады;

- аймақтың экономикалық салалары бойынша, аймақтар арасында еңбек ақы төлеуде теңсіздіктер бар;

ҚР-да қалыптасқан орташа табыс деңгейі негізгі қызметті - жұмыс күшін өндіру қызметін толық дерлік қамтамасыз ете алмайды. Халықтың табыс деңгейін көтеру ғана емес, сонымен қатар аз қамтылған отбасыларға білім, денсаулық сақтау қызметтерінің қол жетімді болуы, сонымен қатар олардың тұрғылықты жайларын жақсарту мүмкіндіктерінің болуы.

Кадрлардың кәсіби даярлығының аймақтық экономика қажеттіліктеріне сай болуы ҚР аймақтарын дамыту үшін маңызды міндет болып табылады. Кәсіби-білімдік және біліктілікті белгілері бойынша еңбек ресурстарының сұранысы мен ұсынысының теңсіздігі еңбек нарығында кадрлардың салалық сәйкессіздігін арттырады, бұл оны минимизациялау бойынша шаралардың қолданылуын талап етеді. Біздің пікіріміз бойынша, жеке мамандықтарға және дайындығы бар кадрларға деген сұраныстың орын алуы және "мол" мамандардың болуы республикада білім беру мекемелері, жұмыс берушілер, жұмыспен қамту

қызметтері және атқарушы билік құрылымдары арасында кадрларды даярлау саласында қажетті реттеу механизмінің жоқтығына және аймақтағы кәсіби бағыттау шараларының тиімсіздігіне көз жеткізеді.

Кәсіби білімнің рөлі еңбек ресурстарының сапасына талаптар жоғарылап отырғанда, жаһандық бәсекелестік жағдайларында арта түсуде. ҚР-да кәсіби білім беретін мекемелердің түлектерінің даярлығының сапасы белгілі мөлшерде өндірістің даму деңгейіне сай емес. Заманауи жұмыс берушіге тек тар аяда немесе салада ғана емес, сонымен қатар жалпы экономикадан білімге және ақпаратқа ие, жан-жақты білімі және қабілеттері бар, жас әмбебап-мамандар қажет.

Білім саласындағы бағдарларды түбегейлі ресми түрден нақты білім беруге өзгерту қажет. Осы қарама-қайшылықты шешу еңбек нарығындағы жағдайды тұрақтандыруға ықпал жасайды. Біздің ойымызша, кадрларды территориялды қағида бойынша даярлау өзекті. Кәсіби даярлықты ұйымдастырудың берілген тәсілі кәсіби білімге мұқтаж жандарға білім алуға, шынайы қоғамдық-пайдалы қызметке қосылуға жағдай жасау мақсатын қалыптастырады.

Кәсіби оқыту мен кәсіби бағыт беру жеке тұлғаның ішкі психологиялық ресурстарының белсендірілуіне, оның еңбек әлеуетінің толық қанды пайдаланылуына бағытталуы қажет. Сонымен қатар, кәсіби оқыту жүйесі, икемді, бағдар беруші, жұмыс күшіне сұраныстың өзгеруіне уақытылы әсер етуші болуы қажет. ҚР-да жоғары және орта арнайы білім беру орындарының түлектерін таратудың орталықтандырылған жүйесі жоқ, ал жас мамандарды жұмыспен қамту түлектердің жеке бастарының мәселесі болып қала бермек. Таратудың болмауы жастарды мамандықты таңдауда жіті ойлануға мәжбүр етеді. Мамандықты дұрыс таңдамаудан зардаптарды минимумға жеткізу үшін, мемлекет мектептердегі кәсіби бардар беруді белсендіруі қажет.

Берілген жұмысты жазу барысында, кәсіби білім беру жүйесін жетілдіруді келесі бағыттардың аясында жүзеге асыру дұрыс деп болжанды:

- бір саладағы мамандарды даярауда, әсіресе жоғары деңгейде көшірме жасауды жою, еңбек нарығында сұранысы жоқ мамандарды даярлауды азайту және шектеу;

- кәсіби білім беруде жұмыссыздарды қамту үлесін арттыру, жұмыспен қамту қызметтерінің базалық оқу орындарын кеңейту, жұмыссыздарды кәсіби даярлау көлемдерін арттыру, оқытудан кейін кепілді жұмыспен қамтуға бағдарлану;

- тапсырыс беруші-жұмыс беруші, жұмыспен қамту қызметтері органдары және оқу орындары арасында реттеуді жетілдіру;

- еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар мен кәсіптер туралы мәліметтер банкін қалыптастыру, барлық оқу орындарының мамандықтар тізімі туралы буклеттер шығару;

- ақылы түрде кадрларды даярлайтын, мемлекеттік және мемлекеттік емес оқу орындарының қызметін реттеу, барлық меншік формаларындағы оқу орындарының аймақтық орналасуын реттеу;

- жоғары біліктілікті психолог-мамандарды, кәсіби кеңесшілерді мақсатты дайындау, кәсібибағдарлау, жұмыспен қамту қызметтерін сол мамандармен жабдықтау;

- кәсіби бағдарлау қызметтерінің материалды-техникалық базасын, әсіресе аудандар мен селолық округтерде күшейту, компьютерлік және есептеуіш техникамен жабдықтау;

- бос жұмыс орындарын анықтау мақсатында еңбек нарығында үнемі зерттеулер жүргізу, олады толтыру үшін кадрларды қайта даярлау.

Біз аталған шаралардың жүзеге асуы халықты жұмыспен қамтуды басқаруда, еңбекке мол өңірлердегі жұмыс орындарына деген нарық қажеттіліктерін ескере отырып білікті кадрлар нарығын реттеуде, кәсіби даярлау және кәсіби бағдарлау жүйесінің тиімділігін едәуір арттырады деп есептейміз. Туындайтын мәселелерді шешу бағыттарының бірі әртүрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын, білім беру мекемелерінен тұратын әртүрлі типтегі университеттік кешендерді біріктіру арқылы ЖОО жұмысын оңтайландыру, сонымен қатар жұмыс істеуші және босағалы отырған азаматтарды қайта оқыту және біліктілігін арттыру болып табылады.

Еңбек нарығы жалпы шаруашылық жүйесінің интеграцияланған бөлігі және бір жағынан, экономикалық мәселелерді шешу үшін маңызды құрал, басқа жағынан, - еңбек нарығы көрсеткіштері мен сипаттамалары аймақтардағы экономикалық құбылыстардың тиімділігінің, тұрақтылығының және сәттілігінің маңызды әлеуметтік индикаторлары болып табылады. Аймақтық еңбек нарығының, оның ішінде еңбекке мол және депрессивті өңірлердің бірте-бірте дамуы жалпы қазақстандық бәсекеге қабілетті еңбек нарығының қалыптасуына ықпалдасады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Министерство национальной экономики Республики Казахстан. Комитет по статистике. - Режим доступа: [stat.gov.kz](http://stat.gov.kz)

2. Жумаксанова К. М. Қазақстан Республикасындағы жұмыс күшінің көші-қоны және оның еңбек нарығына әсері - Алматы: КазгосИНТИ, 2005. - 30 б.

3. Хамбар, Б. Қазақстан Республикасының еңбек нарығында жастарды жұмыспен Қамтудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмдерін жетілдіру - Астана: [б.ж.], 2007. - 28 б

4. Байжолова, Р. Ә. Жаһандану жағдайында ұлттық еңбек нарығын мемлекеттік реттеу - Алматы: [б. ж.], 2010. - 40 б

5. Жумаксанова, К. М. Қазақстан Республикасындағы жұмыс күшінің көші-қоны және оның еңбек нарығына әсері Алматы: КазгосИНТИ, 2005. - 30 б.

**Нуржамал НУРМАГАМБЕТОВА** магистр экономика, ст. преподаватель, Карагандинский государственный технический университет, 100009 Республика Казахстан г. Караганда, ул. Бульвар Мира, 56, *nurzhamal-n@mail.ru* +77212564422

**Юрий ОСИК**, кандидат технических наук, старший научный сотрудник НИИ НЭСА Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, 100009 Республика Казахстан г. Караганда, ул. Академическая 9, *ossik2006\_mail.ru* +77009455456

**Гулнара ЖҰМЖҰМАЕВА**, магистр экономика, Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, 100009 Республика Казахстан г. Караганда, ул. Академическая 9, *gulnara.77@inbox.ru* +77212441612

## ОБ ОСОБЕННОСТЯХ ВЛИЯНИЯ ИНТЕГРАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ НА ЭКОНОМИКУ КАЗАХСТАНА

На примере внешнеторгового оборота России, Беларуси и Казахстана показано, что региональная экономическая интеграция для Казахстана имеет важное значение, хотя связана с определенными рисками.

**Ключевые слова:** экономическая интеграция, внешние и внутренние факторы, экономика

**Нуржамал НУРМАГАМБЕТОВА**, экономика магистрі, аға оқытушы, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, 100009 Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ. Бейбітшілік көш 56, *nurzhamal-n@mail.ru* +77212564422

**Юрий ОСИК**, техника ғылымдарының кандидаты, аға ғылыми қызметкері, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті 100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ. Академическая көш 9, *ossik2006\_mail.ru* +77009455456

**Гулнара ЖҰМЖҰМАЕВА**, экономика магистрі, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті 100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ. Академическая көш 9, *gulnara.77@inbox.ru* +77212441612

## ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІҢ ӘСЕР ЕТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мысалы, Ресей, Беларусь және Қазақстанның сыртқы сауда айналымы Қазақстан үшін экономикалық интеграция жөніндегі өңірлік маңызды болып табылады, бірақ белгілі бір тәуекелмен байланысты екенін көрсетеді.

**Түйін сөздер:** экономикалық шоғырлану, сыртқы және ішкі факторлар, экономика.

**Nurhgamal NURMAGAMBETOVA**, Karaganda State technical University, 100009 Republik of Kazakhstan, Karaganda, Bulvar mira 56, *nurzhamal-n@mail.ru* +77212564422

**Yuri OSIK**, Ph.D., associate professor of Karaganda Economical University of Kazpotrebsoyuz, 100009, Karaganda, Academicheskaya, 9. *ossik 2006\_mail.ru* +77009455456

**Gulnara ZHUMZHUMAIEVA**, Karaganda Economical University of Kazpotrebsoyuz, 100009, Karaganda, Academicheskaya, 9. *gulnara.77@inbox.ru* +77212441612

## ABOUT FEATURES OF INFLUENCE OF INTEGRATION PROCESSES ON ECONOMY OF KAZAKHSTAN

It is shown on the example of value of external trade of Russia, Belarus and Kazakhstan, that regional economic integration for Kazakhstan has an important value, although related to certain risks.

**Keywords:** economic integration, external and internal factors, economy.

Экономическая интеграция - это определенный процесс взаимодействия и объединения государств и других политических, экономических и общественных структур, с целью расширения экономического пространства, слияние хозяйственных систем, которые уверенно развиваются в сложившейся экономической ситуации, в том числе за счет синергии.


На рисунке 1 показано внешнее проявление и формы экономической интеграции.

Интеграционными признаками являются взаимодействие производственных процессов между странами-партнерами, изменения в структуре экономики и регулирование интеграционных процессов.

На современном этапе развития экономической обстановки в трех постсоветских странах - России, Казахстане и Белоруссии - особое внимание уделяется интеграционным процессам в производственной и торговой сферах, создаются новые площадки для сотрудничества между странами, с целью образования единого рынка труда, экономического рынка для реализации продукции, услуг и привлечение новых технологий. И в условиях глобальной конкуренции интеграционные проекты позволяют странам-участницам действовать согласованно.



Формы экономической интеграции (с усилением интеграции к концу списка)



Примечание - Составлено автором

Рисунок 1 - Внешнее проявление и формы экономической интеграции

Таблица 1 - Основные показатели социально-экономического развития отдельных стран Содружества за период 2012- 2014гг., в млрд. долларах

Наименование	Россия			Белоруссия			Казахстан		
	2012	2013	2014	2012	2013	2014	2012	2013	2014
Внешняя торговля									
Внешнеторговый оборот, млрд. долларов США	839,6	844,2	722,8	92,5	80,2	70,8	132,8	133,5	119,4
Экспорт, млрд. долларов США	525,4	526,4	459,4	46,1	37,2	33,9	86,4	84,7	78,2
Импорт, млрд. долларов США	314,2	317,8	263,4	46,4	43,0	36,9	46,4	48,8	41,2
Примечание – Составлено автором по данным Статкомитета СНГ									

Нужно отметить, что процесс интеграции довольно длительный. Как и на любой проект на него необходимо затрачивать время и ресурсы. На итог интеграции влияют как внешние, так и внутренние факторы. И чем больше Казахстан интегрируется в процесс экономической глобализации, тем большее влияние оказывают внешние факторы в лице третьих стран, не участвующих в интеграционных структурах с Казахстаном.

Если рассмотреть товарооборот между странами России, Белоруссии и Казахстана (таблица1), можно увидеть, что за период 2012 -2014 года наблюдается существенное снижение показателей внешнеторгового оборота (табл. 1). Относительно периода 2013 -2014 гг. можно заметить снижение показателей, вследствие снижения цен на нефть.

За прошедший трехлетний период функционирования стран-участниц экспорт

Республики Казахстан в отдельные страны Содружества снизился.

В общей структуре товарооборота Республики Казахстан взаимная торговля составляет 18%. Более 95% взаимной торговли приходится на Российскую Федерацию.

Казахстанская экономика отличается высокой зависимостью от объемов добычи нефти и мировых цен на энергоносители. В настоящее время доля минеральных продуктов превышает 80% всего объема экспорта. Понятно, что ожидать улучшения в условиях падения цен не приходится, то что отразилось в рассматриваемой ниже таблице 2.

Макроэкономическая ситуация в странах-экспортерах сырья особенно чувствительна к колебаниям цен на нефть: экономическая активность падает, внешние и фискальные показатели ухудшаются, когда цена на сырье падает, и, наоборот, экономический бум наблюдается, когда цены на



Таблица 2 - Внешнеторговый оборот РК за период январь-май 2014-2015 гг. млн. долларов США

Наименование	за январь-май 2015 года	за январь-май 2014 года	2015 г к2014 г., в %
<b>Внешнеторговый оборот</b>	<b>32 592,7</b>	<b>51 057,9</b>	<b>63,8</b>
страны СНГ	8 600,7	10 370,4	82,9
другие страны	23 992,0	40 687,5	59,0
всего со странами ЕАЭС	6 491,7	7 554,4	85,9
<b>экспорт</b>	<b>19 786,1</b>	<b>35 608,5</b>	<b>55,6</b>
страны СНГ,			
из них:			
Россия	1 855,2	2 219,0	83,6
Беларусь	18,1	15,9	113,4
Армения	0,429	0,093	4,6
всего со странами ЕАЭС	1 873,7	2 235,0	83,8
другие страны	16 636,8	31 511,9	52,8
<b>импорт</b>	<b>12 806,6</b>	<b>15 449,4</b>	<b>82,9</b>
страны СНГ,			
из них:			
Россия	4 423,7	5 076,2	87,1
Беларусь	192,7	239,6	80,5
Армения	1,620	3,620	44,7
всего со странами ЕАЭС	4 618,0	5 319,4	86,8
другие страны	7 355,2	9 175,6	80,2
Примечание – Составлено автором по данным Комитета по статистике Министерства Национальной экономики РК			

сырье демонстрируют максимумы. Здесь необходимо отметить два взаимосвязанных фактора, обуславливающих макроэкономическую нестабильность: а) с углублением международного разделения труда (которое в условиях глобализации национальных экономик становится близким к предельному) возрастают риски производителей товаров и услуг; б) ценообразование на сырье (и на нефть в особенности) не саморегулируется мировым рынком, а жестко регулируется и манипулируется политикой нефтедобывающих государств и государств, наиболее развитых и сильных в экономическом и военно-политическом влиянии. Так, например, не представляется возможным никакими экономическими факторами объяснить трехкратное снижение цен на нефть на мировом рынке в течение десятилетия.

Влияние цен на экономику зависит, прежде всего, от ее структуры. Поскольку Казахстан в условиях благоприятной ценовой конъюнктуры не добился успехов в диверсификации экономики, падение мировых цен на сырьевые товары уже оказывает негативное влияние на отечественную экономику, отличающуюся высокой зависимостью от мировых цен и объемов добычи полезных ископаемых.

Для более объективной характеристики развития национальной экономики целесообразно отказаться от пресловутого вала общего объема ВВП и его ежегодного роста. Переход к исчислению уровня развития по ИРЧП из-за внесения элементов формализма и затруднений в расчетах не привносит существенного улучшения в методики измерения

социально-экономического прогресса. Вначале наряду, а затем и вместо упомянутых показателей целесообразно использовать сравнение содержания добавленной стоимости в ВВП ее прироста в ВВП. Кроме того, в современных условиях развития мировой экономики и взаимосвязанности мировых экономик необходимо отказаться от эксплуатации мифа об устойчивом росте и в рамках мирового сообщества добиваться устойчивого развития при нулевом или чисто символическом росте.

При безусловном авторитете и высоком рейтинге Республики Казахстан на мировой политической арене, завоевание которого непосредственно связано с деятельностью Лидера Нации Президента Казахстана Н. Назарбаева, необходимо учесть и принять тот факт, что в экономической сфере РК является региональным, но не мировым игроком на экономической арене. (Чтобы убедиться в этом, достаточно проанализировать мировые рейтинги по таким показателям как: топ-20 крупнейших нефтегазовых компаний мира; топ-30 государств и финансовых организаций, обладающих наибольшими золотыми запасами; топы крупнейших компаний, банков мира и т.д.). Поэтому позиционировать себя в мировой экономике как отдельная страна РК не имеет возможности. Следовательно, интеграции с крупнейшими мировыми игроками на экономическом поле (Россия, США, Китай, Индия, Япония, Иран и др.) нет альтернативы. Многовекторные торгово-экономические и научно-производственные связи Казахстана прежде всего нужны для диверсификации рисков, которые с

каждым годом увеличиваются. Их необходимо воспринимать в современном мире как объективную данность. Интеграция РК в Евразийское экономическое сообщество является тому подтверждением.

Развитие интеграции должно способствовать повышению эффективности функционирования каждого ее участника на основе использования внутрипроизводственных резервов технико-технологического и социально-экономического характера, внедрения механизма мотивации труда и мониторинга его качественных характеристик, осуществления эффективной маркетинговой деятельности, использования прогрессивных форм организации производственных процессов, улучшения качества труда и производимой продукции, повышения квалификации управленческих кадров и сокращения их количества в результате оптимизации нагрузки по функциям управления.

#### **Список литературы:**

1. Экономика отраслей АПК / И.А. Минаков, Н.И. Куликов, О.В. Соколов и др.; Под ред. / И.А. Минакова. - М.: КолосС, 2004. - 464 с.
2. Маршалл А. Принципы политической экономии. / Пер. с англ. Р.И. Столпнера; Под ред. С.М. Никитина. - Т. 1. - М.: Прогресс, 1983. - 416 с.
3. <http://stat.gov.kz/> Министерство Национальной экономики Республики Казахстан Комитет по статистике.

**Абилда АЛИМБАЕВ**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Аймақтық Даму Институты, 470030, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Орбита -1 шағынауданы, үй 11/1, irr@nursat.kz  
**Меруерт ПЕРДЕБЕК**, Э-21 НП магистранты, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, 100009, Қазақстан республикасы, Қарағанды қ., Академическая көш., 9, meruyert.perdebek@mail.ru, 87754204947

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕ СЕРІКТЕСТІК ДАМУЫ ТЕНДЕНЦИЯСЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

Аталған мақала мемлекеттік жеке серіктестіктің Қазақстандағы даму тенденциясының жағдайын, мемлекеттік жеке серіктестік механизмін қолдану бағыттарын қарастырады. Мақалада мемлекет пен бизнес қарым-қатынасына негізделіп жүзеге асырылған жобалар, оларды жүзеге асыру барысында туындаған мәселелер сипатталады, сонымен қатар Қазақстан Республикасында мемлекеттік жеке серіктестіктің дамуының болашақ тенденциялары қарастырылады.

**Түйін сөздер:** серіктестік, концессия, инфрақұрылым, әлеуметтік - кәсіпкерлік корпорация

**Абиьлда АЛИМБАЕВ**, доктор экономических наук, профессор, Институт Регионального Развития, 470030, Республика Казахстан, г.Караганда, ул. мкр. Орбита -1, д.11/1, irr@nursat.kz  
**Меруерт ПЕРДЕБЕК**, магистрант Э-21 НП, Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, 100009, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Академическая, 9, meruyert.perdebek@mail.ru, 87754204947

## АНАЛИЗ СОСТОЯНИЯ ТЕНДЕНЦИЙ РАЗВИТИЯ ГОСУДАРСТВЕННО-ЧАСТНОГО ПАРТНЕРСТВА В КАЗАХСТАНЕ

Данная статья рассматривает основные тенденции развития государственно-частного партнерства в Казахстане, направления использования механизма ГЧП. В статье подробно описываются проекты, реализованные на основе взаимодействия государства и бизнеса, возникшие проблемы при осуществлении проектов, а также будущие тенденции развития ГЧП в Республике Казахстан.

**Ключевые слова:** партнерство, концессия, инфраструктура, СПК

**Abilda ALIMBAEV**, Doctor of Economics, professor, Institute of Regional Development, 470030, Republic of Kazakhstan, Karaganda, st. md. Orbit -1, 11/1, irr@nursat.kz  
**Meruyert PERDEBEK**, graduate student group E-21 SD, Karaganda Economic University of Kazpotrebsoyuz, 100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Akademicheskaya str.,9, meruyert.perdebek@mail.ru, 87754204947

## ANALYSIS OF TRENDS OF PUBLIC-PRIVATE PARTNERSHIP IN KAZAKHSTAN

This article examines the main trends in the development of public-private partnership in Kazakhstan, directions of use of PPPs. The article describes in detail the projects implemented on the basis of interaction between government and business, the problems encountered in the implementation of projects as well as future trends in the development of PPP in the Republic of Kazakhstan.

**Keywords:** partnership, concession, infrastructure, socio-entrepreneurial corporation

Мемлекеттік ресурстардың шектеулі болуы жағдайында мемлекеттік-жеке серіктестік механизмінің қолданылуы түрлі өндірістік, инфрақұрылымдық және әлеуметтік маңызды нысандарды құру, модернизациялау және пайдалануға беру үшін қажетті қаржы базасын қамтамасыз ететін басты альтернативті құрал болып табылады. МЖС механизмін қолдану бірінші кезекте мемлекет пен жеке сектордың өзара қарым-қатынасының тиімділігін арттыруға бағытталады.

Мемлекеттік-жеке серіктестіктің түрлерінің классификациясы ынтымақтастықтың көптеген түрлерін (әкімшілік келісім, жалға беру, өнімді бөлу келісімі, бірлескен кәсіпорын құру т.б.) сыйдырады, алайда аталған МЖС түрлерінің Қазақстанда даму деңгейі ерекшеленеді. Сол себепті, мемлекеттік-жеке

серіктестіктің дамуының негізгі тенденцияларын мемлекет пен жеке сектордың серіктестігінің әр түрінің кескінінде қарастырайық.

Концессия мемлекет пен жеке серіктестік арасындағы ынтымақтастықтың ерекше түрінің жарқын мысалы болып табылып, әлемде көптеп таралып, Қазақстан үшін мемлекеттік-жеке серіктестіктің актуалды механизмі болып табылады. Мемлекет пен жеке сектордың өзара қатынасындағы концессия механизмінің танымалдығы басқа МЖС түрлерімен салыстырғанда тәуекелділіктің балансты түрде бөлінуімен түсіндіріледі. Онымен қоса серіктестіктің бұл түрінде мемлекет келісім бойынша меншіктің толыққанды иесі болып табылады әрі жеке секторды келісімшартта көрсетілген қызметтермен және концессиялық объектінің дамуына қажетті

құқықтармен өкілеттендіреді. Концессия механизмінің Қазақстанда пайдаланылуы жеке инвестициялардың ағылуы мен сапалы басқаруды қажет ететін инфрақұрылымдық салалардың дамуымен байланысты.

Концессия құралының Қазақстанда алғаш пайдаланылуы 2005 жылы басталды, сол жылы "Шар-Өскемен станциясы жаңа теміржол желісінің құрылысы мен пайдалануға берілуі" жобасын жүзеге асыру бойынша алғашқы концессиялық шарт жасалды. Жоба бойынша концессионер ретінде "Досжан темір жолы" АҚ танылды.

Жалпы тізбесі жарияланған концессиялық жобалар саны бастапқыда алты жобаны құрады. Олардың әрқайсысын жеке-жеке қарастырып көрейік.

"Шар-Өскемен станциясы жаңа теміржол желісінің құрылысы мен пайдалануға берілуі" концессиялық жобасының жүзеге асырылуын егжей-тегжейлі талдаса, оның оң және теріс жақтарын анықтауға болады. "Шар-Өскемен станциясы" жаңа теміржол желісінің құрылысы мен пайдаланылуы бойынша алғашқы концессиялық жобаны жүзеге асыру ҚР көлік инфрақұрылымындағы бірнеше тар орындарды кеңейтуге мүмкіндік берді. Ірі Кен Алтай теміржол торабын қысқа жолмен "Түрксіб" магистралімен Шар станциясы аумағында байланыстырып, Шығыс Қазақстанның елдің басқа аумақтарына шығуын қамтамасыз етті. Жобаның жүзеге асуы тасымал алыстығын бұрынғыға қарағанда оңтүстік бағытта 328 шақырымға, ал батыстан 92 шақырымға азайтты және екі кеден бақылауы мен Ресей аумағы арқылы жүру қажеттілігін жойды. Жолаушылар мен жүктерді жеткізу 12-14 сағатқа жылдамдатылды. Бұл жобаның жолаушылар тасымалы көлемінің өсуі сияқты әлеуметтік тиімділігі де зор. Жобаны жүзеге асыру, сөзсіз, ел инфрақұрылымы мен оның экономикалық әлеуетінің дамуына жағымды әсер етті, бірақ жүзеге асыру үрдісінің өзі көп қиыншылыққа тап болды. Жоба бағасы бірнеше рет өзгеріп отырды, ал қолданылып отырған қаржыландыру механизмі тиімсіз болып, бірнеше рет өзгерді. Бастапқыда, "Досжан теміржолы" облигациялары бойынша мемлекеттік кепілдік тек құрылыс жасау мерзіміне ғана берілді. Нәтижесінде, облигация ұстаушылар дефолт тәуекелінен қорғалмаған болды, бұл жоба шеңберінде шығарылған облигациялардың тартымдылығын төмендетті. Тек 2007 ж бастап, келісімшартқа қол қойылғаннан екі жыл өткен соң, үкімет концессионердің облигациялық займдары бойынша концессия мерзімі аяқталғанға дейін ( 2028 жылға дейін ) шарттарды өзгертті [1, 17 б].

Концессия механизмі бойынша жүзеге асырылған әрі пайдалануға берілген келесі жоба - Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы аралығындағы электртасымалдау желісінің құрылысы. Жобаның концессионері ретінде "Батыс Транзит" АҚ танылды. Жобаның күрделілігі мен әр түрлі қиындықтардан өзге, бұл жоба көптеген кедергілерден (оның ішінде дүниежүзілік қаржы дағдарысы) өтті. Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы электрэнергиясы желісін салудың бірден-бір мақсаты Ақтөбе облысының

Ресей Федерациясынан электрэнергиясын тасымалдауына тәуелділіктен арылу болды. Бұл жоба бірқатар ішкі кедергілерге тап болды. Атап айтсақ, Ақтөбе облысына электрэнергиясын жеткізуші біреу ғана, ол Ресей Федерациясы болды. Ал "Батыс транзит" АҚ электрэнергиясы генераторын пайдалануға беру барысында, ТМРА (Табиғи монополияларды реттеу агенттігі) пікірі бойынша нарықтағы монополистке айналды және оған қатысты тариф қалыптастыруды басқару шараларының толық жиыны қолданылды. Осылайша, аталған концессионер облыста электрэнергия тарифін төмендетуге мәжбүр болды. Ал Қазақстандық реттеуші қазақстандық концессионер мүддесін қорғамады, ал ресейлік жеткізуші электрэнергиясын түнде қолдану тариф бағасы демпингін жүргізді. Ал қазақстандық концессионер жоба дефолтын болдырмау үшін күресін жалғастырды. Бұл жағдай өз кезегінде МЖС нарығының дамуына тосқауыл келтіргені анық. Дегенмен, бұл жоба дұрыс дамуын тапты, нәтижесінде концессионер үшін жобаны дамытудың жаңа бағыттары пайда болды.

Концессия механизмі бойынша жүзеге асырылып пайдалануға берілген тағы бір жоба - халықаралық Ақтау әуежайындағы жолаушылар терминалы. ҚР -ң 2003-2015 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму бағдарламасына сәйкес 2007 жылы Маңғыстау облысының инфрақұрылымын дамыту шеңберінде " ATM Grup Uluslararası Havalimanı Yapım Yatırım Ve İşletme Ltd.Sti " компаниясымен концессиялық келісімге қол қойылды. Қазіргі таңда объекті пайдалануға берілді, келісімге сәйкес мерзімі 30 жыл.

Аталған концессиялық жобалардан өзге инфрақұрылым саласында "Ералиев-Құрық" теміржол торабының құрылысы мен Ақтөбе облысы Қандыағаш қаласында газтурбина электрстанциясының құрылысы мен пайдалануға берілуі сынды концессиялық жобалар тізбесі мәлімделген болатын.

"Ералиев-Құрық" теміржол торабының құрылысы бойынша 2009 жылдың сәуірінде теміржол желісінің 14,4 шақырым болатын бірінші жол торларын төсеу рәсімі орындалды. Жоба құны 8,142 млрд тт. бағаланды. Жобаның концессионері "Астана - АРЭК" компаниясы. 2010 жылдың екінші жартысында теміржол желісінің бір бөлігі пайдалануға беру жоспарланған болатын. Жоспарланатын жүк тасымалдау көлемі жылына 5,5 млн тонна. Бұл жобаның құрылысы "Құрық" теңіз портының, теңіз көлігін дамытуды жүзеге асырумен байланысты кейінге шегерілді. Бірінші кезеңде Ақтау қаласынан оңтүстікте 60 шақырым жерде орналасқан "Құрық" портының құрылысына қажет жүк тасымалданады, ал болашақта теңіздік мұнай операцияларын қамтамасыз ететін жүктер тасымалдау жоспарлануда. 2014 жылдың I қазанында "Боржақты - Ерсай" теміржол желісінің құрылыс басталды, ол өз кезегінде "Құрық" портын салуға қажетті жүкті тасымалдады. Аталған желі мен порттық кешен Каспий порты арқылы Қазақстанның батыстық бағытында транзиттік және экспорттық потенциалын нығайтатын ірі жобалардың бірі болмақ. Бұл

паромдық кешеннің құрылысын аяқтау мен пайдалануға беру 2016 жылдың аяғына жоспарланып отыр.

Басқа жобаларды жүзеге асыруда да ұқсас мәселелер туындап отырды. Қандыағаш қаласындағы газтурбинды электрстанциясының құрылысы жобасын жүзеге асырудың негізгі бөлігі 2011 жылдың аяғына жоспарланған болатын, бірақ бірқатар қаржы және әкімшілік келелі мәселелеріне байланысты құрылыс әлі басталған жоқ.

Әрине, сөзсіз, бұл жобалар жүзеге асырылады, бірақ бірқатар келелі мәселелердің болуы олардың дамуын тежейді, бұл концессия механизмінің дамуына және халық пен бизнес-ортаның мұндай ынтымақтастыққа сенім білдіру дәрежесіне кері әсерін тигізеді.

Қазақстан тәжірибесінде МЖС портфелі әзірге алты жобадан тұрады, оның ішінде тек үш жоба ғана жүзеге асырылу сатысына сәтті жетті. Қалған үш жобаның сәтсіздігіне себеп жетерлік, оның негізгісінің бірі 2008 жылы болған дүниежүзілік қаржылық дағдарыс. Макроэкономикалық талдау көрсеткендей, Қазақстанда МЖС нарығында белсенділіктің төмендегені осы уақыттан басталады. Аталған келеңсіздіктердің алдын алу мен МЖС жобаларының тартымдылығын арттыру мен кең қолдану мақсатында мемлекет тұрғысынан "МЖС туралы" Заңнамаға концептуалды өзгерістер енгізілді. Біріншіден, жобалардың неғұрлым икемді құрылымдалуы мақсатында МЖС келісімдерінің тізбесі кеңейтілді. Келісімдердің бестен астам жаңа түрі, оның ішінде аралас түрі де бар енгізілді. Екіншіден, МЖС қолданылу аясы кеңейтілді. Осыған дейін медициналық объектілердің, жалпы орта білім беру, халықты әлеуметтік қорғау, сумен қамтамасыз ету сынды салалар объектілерін концессияға беру тосқауылы алынып тасталды [2].

Жоғарыда қарастырылған инфрақұрылымдық жобалардан өзге, әлеуметтік саладағы бір жоба бар, бұл - "Қарағанды қаласында бала-бақшалар кешенінің құрылысы мен пайдалануға берілуі" атты жоба. Концессиялық жобалар тізіміне бұл жобаны енгізу 2010 жылы Үкімет қаулысында қарастырылып, құрылысын бастауға шетел инвесторларымен 2011 жылдың қараша айында келісімге отырылған болатын. Ол бойынша Қарағанды қаласында 11 бала-бақша, ал Теміртау қаласында 4 бала-бақша салу көзделді. Айта кететіні, бұл аталған бала-бақшалар кешенін салу жобасы әлеуметтік саладағы пилоттық жоба болғандықтан, жүзеге асырылуында бірталай келеңсіздіктерге тап болды.

Әлеуметтік сала жобасын қарастыру барысында келесі қарастыратын мәселе бұл - әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар.

"Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар (ӘКК) бұл-өндірістен және тауарлар мен қызметтерді сатудан табыс табу мақсатымен өз қызметін жүзеге асырып отырған тұрақты бизнес-құрылымдар. ӘКК-тің коммерциялық корпорациялардан негізгі ерекшелігі табылған табыстың ӘКК құрылған аумақтардағы халықтың әлеуметтік, экономикалық немесе мәдени мақсаттарын жүзеге асыру үшін реинвестициялануы". Қазақстан Президенті

Нұрсұлтан Назарбаев 2006 жылғы халыққа жолданған үндеуінде алғаш рет ӘКК құру ойы туралы айтқанда, дәл осы анықтама берілген болатын. Елбасының түпкі ойы бойынша, әр ӘКК дамудың аумақтық институты бола алады және елдің тиісті аумағында мемлекеттік активтерді басқарып отырған холдинг компания болып табыла алады.

Жалпы әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар - бұл мемлекеттік-жеке серіктестік негізінде жұмыс атқаратын аумақтық даму институттары немесе мемлекет пен бизнес құрылымдарының өзара әрекеттестігі жолымен МЖС идеясын жүзеге асыратын ұлттық компания.

Қазақстанда концессия механизмін қолдану аталған алты жобаны жүзеге асырумен шектелмейді. Концессия сызбасы бойынша 2016 жылдың қаңтар айында МЖС Орталығының мәліметтеріне сәйкес жоспарлау сатысында инвестиция көлемі шамамен 1 164 млрд. теңгені құрайтын 102 жоба тұр:

- 8 жоба - мемлекеттік деңгейдегі жобалар. Жалпы сомасы 290 млрд.тг. құрайды

- 94 жоба - жергілікті деңгейдегі жобалар. Жалпы сомасы 873 млрд.тг. құрайды [3, 13 б].

Республикалық деңгейдегі жобалардың жіктелуі төмендегідей:

- ҚР Инвестиция және даму министрлігі - 3 жоба (2 автожол, 1 темір жол);

- ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі - 2 жоба (ауруханалар);

- ҚР Білім және ғылым министрлігі - 1 жоба (ҚазҰУ);

- ҚР Ішкі істер министрлігі - 2 жоба (пенитенциарлық жүйе)

Республикалық деңгейдегі жүзеге асырылатын жобаларды толығырақ қарастыратын болсақ, көріп отырғанымыздай жобалар дәстүрлі инфрақұрылымдық жобалар мен әлеуметтік саладағы жобаларды құрайды. Жалпы қазіргі уақыттағы МЖС механизмінің дамуы мынадай экономикалық секторларды қамтып отыр, сурет -1.

Өз кезегінде ел экономикасының әртүрлі секторларындағы концессия механизмі дамуының өзіндік ерекшелігі бар.

Көлік инфрақұрылымы. Жоғарыда айтып өткендей, концессия шеңберінде жүзеге асырылған және жүзеге асырылуы жоспарланып отырған жобалардың басым бөлігі елдің көлік инфрақұрылымының дамуына бағытталған.

Авто жолдарды мемлекеттік басқару бастау алған жылдарды қарастырсақ, жол секторларына салынатын инвестицияның өзін-өзі ақтауы жайлы алғашқы сұрақтар ҚР автожол саласын 2001-2008 жылдар аралығында дамыту Концепциясында қарастырылған болатын. Осы құжаттамада мемлекет банк, сақтандыру секторы қаражаттарын, қаржылық институттар мен пайдаланушылар қаражаттарын тарту арқылы ақылы жол учаскелерін, көпірлер мен жолжелілерін салуға деген қызығушылығын білдірген болатын. Өз кезегінде ол уақытта аталғандарды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құқықтық және нормалық база қалыптаспаған еді.

Жалпы, автожол саласындағы концессияның өмірлік жолын 2007-2014 жылдар аралығында орта мерзімді кезеңге беруді ұсынатын жобалардың



Ескерту - [1,2,3] әдебиеттер негізінде автор құрастырған  
 Сурет -1. МЖС механизмі жүзеге асырылып жатқан экономика салалары

жағдайынан көруге болады [4]. 2009-2013 жылдар аралығында шын мәнінде үлкен жұмыстар жасалды, концессионерлерді анықтау үшін көптеген конкурстар өткізілді. Дегенмен концессионерді анықтау оңайға түскен жоқ.

Концессионерді тарту қиындығының негізгі себебі трафиктің төмендігі мен автомобильді жолдың ұзақтығына байланысты капитал сыйымдылығының жоғары болуы және климаттық жағдайларды ескере отырып оларды ұстауға жұмсалатын шығындарға қатысты инвестициялық тәуекелдің жоғары болуы. 2007 жылы басталған дүниежүзілік қаржылық дағдарыстың инвесторлардың ұзақ мерзімді қаржыландыруды азайтуға алып келуі келесі себеп. Қымбат қарыздар мен ұлттық валютаның тұрақсыздығы себептерінен потенциалды инвесторлар конкурстық құжаттаманы қарастыруда мемлекеттік қолдау деңгейін аса көтеруді талап етті. Осындай себептерге байланысты концессияға берілуге тиіс көптеген жобалар ішкі ресурстар мен сыртқы мемлекеттік қарыздар есебінен жүзеге асырылған болатын (кесте - 1).

"Үлкен Алматы айналмалы автокөлік жолы (БАКАД)" жобасы - Қазақстандағы мемлекеттік-жеке серіктестік механизмін қолдана отырып жеке қаражаттарды тарту арқылы автокөлік жолдарын салуды жүзеге асырудағы алғашқы жоба. Осыған дейін ВТО схемасы бойынша: build-transfer-operate (салу - беру - басқару) концессиялық жобаларды жүзеге асыру тәжірибесі болмаған еді. Бұл жоба Қазақстандағы МЖС жобаларының тек көлік саласында ғана емес, экономиканың басқа да басым салаларында дамуының мықты бастамасы болмақ.

"Нұрлы жол" мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде БАКАД құрылысының қажеттігі Алматы

транспорттық жүйесінің лық толуы мен автокөлік парктерінің тез өсуіне байланысты туындады [5]. Сонымен қатар Алматы қаласы мен Алматы облысының демографиялық ерекшелігіне қарай авто жолдарға деген болашақта тұтынушылардың сұранымының өсуі мүмкіндігі тағы бар. Автожолдың жалпы қашықтығы 66 шақырымды құрайды. Жоспар бойынша қозғалыс төрт, кей жерлерде алты жүру жолағынан тұрады, күніне 38 мың автокөлік өте алады деп болжануда. Жобаның жүзеге асырылуының экономикалық тиімділігі болып жолға кететін уақыттың азаюы есебінен автокөлікпен жүк тасымалдау құнының төмендеуі табылады.

Қазақстандық МЖС Орталығының мәліметтеріне сай 2016-2018 жылдар аралығында көліктік инфрақұрылым саласында жүзеге асырылуы жоспарланып отырған концессиялық объектілер болып "Үлкен Алматы айналмалы автокөлік жолының (БАКАД) құрылысы мен пайдалануға берілуі" жобасы, Алматы станциясы теміржол жол торабын айналып өтетін айналмалы теміржол желісінің құрылысы, Шымкент қаласын айналып өтетін автомобиль жолын салу және пайдалануға беру, Алматы қаласында жеңіл рельсті көліктің (жылдам трамвай) салынуы мен пайдалануға берілуі, ШҚО Күршім ауданында Бұқтырма су қоймасы арқылы өтетін көпірді салу және пайдалануға беру жобалары табылады.

Әлеуметтік сала. Қазақстанда мемлекет пен жеке бизнестің серіктестігі бастапқыда көлік және энергетика салаларында ғана концессиондық механизмді қолдану арқылы жүзеге асырылса, қазіргі таңда экономиканың барлық салаларында қолдану мүмкіншілігіне ие болып отыр. Әсіресе әлеуметтік салада қолдану аясы кеңейіп, жобалардың кең

<b>1. Мемлекет меншігіндегі объектілерді жақсарту мен пайдалануға беру концессия келісімі негізінде жүзеге асырылады</b>			
2007-2009 жж. аралығы	2010-2012 жж. аралығы	2012-2014 жж. аралығы	2014 ж сәуір айына жобаның жүзеге асырылуы
	«Алматы-Өскемен» автокөлік жолының «Алматы-Қашағай» жол учаскесін салу (қайта жаңарту) мен пайдалануға берілуі		Жобалар «Орталық-Оңт.» жоба шеңберінде «Самұқ-Қазына» Ұлттық әл ауқаты қоры есебінен жүзеге асырылуда
	«РФ шекарасы (Екатеринбург) – Алматы (Қостанай, Астана, Алматы арқылы)» автожолының «Астана-Қарағанды» жол учаскесінің қайта жаңарту мен пайдалануға берілуі		
	«Өзбекстан шекарасы (Ташкент)-Шымкент- Тараз- Алматы-Хоргос» (Кокпекті, Көктал, Благовещенск арқылы Қырғызстан шекарасы) автожолының «Алмағы-Хоргос» жол учаскесінің қайта жаңаруы мен пайдалануға берілуі	Тізімнен шығарылған	Жоба Халықаралық Қайта құру мен даму банкі шеңберінде сыртқы мемл. қарыз есебінен жүзеге асырылады
Тізімге кіргізілмеген	«Өзбекстан шекарасы (Ташкент)-Шымкент- Тараз- Алматы-Хоргос» (Кокпекті, Көктал, Благовещенск арқылы Қырғызстан шекарасы) автожолының «Ташкент-Шымкент» жол учаскесін қайта жаңарту		Жоба Еуропалық қайта құру мен даму банкі қарыз шеңберінде жүзеге асырылуда
Тізімге кіргізілмеген	«Астана-Петропавловск» автожолының (Көкшетау қ. арқылы) «Астана Шучинск» жол учаскесіне зияткерлік-көліктік және төлем жүйесін енгізу мен пайдалануға берілуі		Жоба Респубикалық бюджет есебінен жүзеге асырылды. 2013 жылдың маусымынан ақылы түрде
<b>2. Құрылысы мен пайдалануға берілуі концессиялық келісім бойынша жүзеге асырылатын объектілер</b>			
	Үлкен Алматы айналымы автокөлік жолының (БАКАД) құрылысы мен пайдалануға берілуі		Концессионерді таңдау мақсатында байқау ұйымдастыру жұмысы жүргізілуде
Ескерту – [4] әдебиет көзі негізінде құрастырылған			

ауқымы жүзеге асырылып жатыр. Айта кететіні, әлемнің экономикасы дамыған көптеген елдерінде мемлекет пен бизнестің серіктестігінде көшбасшылық тұтқаны осы әлеуметтік саладағы инфрақұрылымдар, атап айтсақ, білім беру мен денсаулық сақтау салаларындағы жобалар иеленеді.

Жаһандық сын-кәтерлер жағдайында жастардың жұмыссыздығы өсуі әлемнің көптеген елдерін алаңдатып отыр. Халықаралық еңбек ұйымының болжамына сәйкес, жастар арасындағы жұмыссыздық жақын жылдары Еуропалық Одақ мемлекеттері - Испанияда, Италияда, Ұлыбританияда 20 пайыздан асады (кесте 1).

Статистикаға көз жүгіртетін болсақ, тәуелсіздік алғалы бері еліміздегі жұмыссыз жастардың үлесі азаюда (сурет 1). Әрине, бізде жағдай басқаша, дегенмен жастарды жұмыспен қамту әруақытта өзекті болуы тиіс.



Ескерту - Автормен құрастырылған. [2]

Сурет 1. Жастардың жұмыссыздық деңгейінің динамикасы (15-18жас)

Әлемдік экономикалық дағдарыс экономикада жағымсыз салдарлар туғызған мәселелердің туындауына алып келді, оладың ішінде ерекше орын еңбек нарығының қалыптасуы жағдайында адами ресурстардың қалыптасуы, пайдаланылуы және дамуы мәселелеріне тиесілі.

Қазақстандық еңбек нарығында жастар жағдайынта талдау жасаудың қажеттілігі екі маңызды шартпен негізделген. Біріншіден, жастар Қазақстанның жұмысқа қабілетті халқының шамамен 35% құрайды, екіншіден, ең бастысы, олар - ел болашағы, олардың қызметінің бастапқы жағдайларынан болашақ дамуы тәуелді болады. Жастар бүгінгі күнде де қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік құрылымын



анықтайды. Сонымен қатар жастар барлық әлем елдерінде еңбек нарығында ерекше қорғалмаған топтардың бірі болып табылады.

"Жастар" - бұл жас адамдар, олардың қоғамның әлеуметтік құрылымындағы орны және қызметі, олардың айрықша қызығушылықтары мен құндылықтары қоғамдық жағдай ерекшеліктерінің базасында жасымен негізделіп айрықшаланатын, әлеуметтік-демографиялық топ. Адамның жастық шағында оның өмірлік цикліндегі басты әлеуметтік және демографиялық оқиғалар орын алады: жалпы білімді аяқтау, мамандық таңдау және кәсіби даярлыққа ие болу, еңбек қызметінің басталуы, некеге тұру, балалы болу. Халықтың бұл тобы еңбек нарығындағы олардың жағдайын анықтайтын бірқатар топқа жіктеледі[3].

Жастардың еңбек нарығын реттеудің әлеуметтік тетігіне жастардың көші-қонын реттеу механизмі де жатады. Жастар, әлеуметтік жік ретінде жалпы көшіп-қонушылар санының үлесін елеулі көбейтеді және көші-қонның басым бөлігінің жастар құбылысы ететін белгілі бір сапалық сипаттамаларды иеленген. Жастарға ата-аналарынан бөлініп, өз бетімен тәуелсіз тұру тілегі тән. Басқа қалаға немесе тіпті басқа елге көшіп-қону өз бетімен өмір сүруді және тәуелсіздікті көбейтеді, жас адамның ересектенуін тездетеді.

Қазіргі жастар халықтың басқа көптеген топтарына қарағанда жоғары бейімделу дәрежесіне ие, бұл олардың жаңа жердегі өмірді игеруі мен реттеуін жеңілдетеді. Сондықтан мемлекет жастардың еңбек нарығындағы көші-қон механизмін реттеу кезінде аталған үдерісті әлеуметтік қорғауға, оңтайлы салық салуға, қаржы және көлікпен қамтамасыз етілуіне, заңдық қолдауға және т.б. тұжырымдалған қажетті құқықтық және экономикалық нормалармен қамтамасыз ету туралы қамқор болуы тиіс.

Жастардың еңбек нарығын реттеудің әлеуметтік тетігіне сондай-ақ кәсіптік білім беру жүйесінің жұмыс істеуін жатқызу керек. Қазіргі жағдайларда оқу орындары өздерінің бағдарламаларын еңбек нарығы талаптарына бейімдеуге тырысады. Сондықтан бұл жерде негізгі курсқа қосымша оқушылардың дүниетанымын кеңейтетін немесе көбіне кәсіптік-техникалық, орта арнайы және жоғары оқу орындарының бірлескен күшімен жүзеге асырылатын біріктірілген бағдарламалар деп аталатынды енгізу қажет. Соңғылары түлектерді "оқып-үйренуге", яғни біртіндеп барлық күрделірек мамандықтарды игеруге және өз қабылетінің деңгейіне байланысты біліктіліктерін арттыруға үйретуге бағытталуы тиіс.

Берілген мәселелерді шешу барысында әлеуметтік тұрғыда әлсіз қорғалған және аз бәсекеге қабілетті еңбек ресурстары топтарының жағдайын ерекше ескерген жөн, олардың біріне оларды толықтыру көздерінің бірі болып табылатын жастар жатады.

Жастардың еңбек нарығына енуі ең алдымен олардың мамандық таңдау барысында, негізінен, оның еңбек нарығындағы қажеттілігіне емес,

қоғамдағы танымалдылығы мен беделділігіне бағдарлануына, негізделген едәуір қиындықтар мен қарама-қайшылықтармен қатар жүреді. Осы тұрғыда, оқу орнын аяқтап, жастардың көпшілігі мамандық иесі атанғаннан кейін жұмыс орнына мамандық бойынша немесе мүлде орналаса алмайды, бұл өз кезегінде жастар жұмыссыздығының артуына алып келеді. Нәтижесінде жастардың осы бөлігінің білім алуына жұмсалған қаражаттар әрдайым ақтала бермейді.

Жастарға білім беру саласында да барлығы біркелкі емес. Жастардың университеттерде және колледждерде білім алуға ұмтылуы әлбетте жетістік болып табылады. Сонымен қатар кәсіби білім алған түлектердің жұмыс орнына орналасуында мәселелер бар. Нәтижесінде олардың көпшілігі мамандығына сай келмейтін қызмет атқаруға міндетті. Әрине, жастар әлеуметтік топ ретінде өзіндік ерекшеліктерге ие. Жиі олар заманауи әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделу қиыншылықтарымен байланысты: кәсіби және әлеуметтік өзін-өзі тану, жұмысқа орналасу, тұрғын үй мәселелері және т.б.

Тенденцияларды талдау көрсеткендей, еңбек нарығындағы жастардың бәсекеге қабілеттілігінің төмен болуының себептері қажетті біліктілік пен еңбек дағдыларының болмауымен, жұмыс берушінің кәсіпорынға қажетті кәсіби жоқ жас адамдарды кәсіби оқытумен байланысты қосымша қаржылық және ұйымдастырушылық шығындар көтеруді қаламауымен, кәсіби білім мен еңбек мәдениетінің жетіспеушілігімен; жастардың беделді емес, жас адамдардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктеріне байланысты төмен еңбек ақы төленетін жұмыс орнына орналасуды қаламауы, олардың жоғары жалақыға бейімделуімен байланысты.

Жастардың басым көпшілігі үшін қызметтің беделді салалары мен аялары тартымдырақ болып табылады. Бұл жағдайда басымдылық еңбекақы мөлшерімен сәйкес келеді. Қалаулары келесідей түрде көрініс табады: қаржы және банк саласы, кәсіпкерлік, құқық қорғау органдары, күзет қызметі, сауда және делдалдық қызмет саласы, экономисттер мен менеджерлер, дәрігерлер, оқытушылар және бәрінен кем мәдениет, ауыл шаруашылығы, әлеуметтік жұмыс салалары [4].

Сонымен қатар мемлекеттік емес секторда да жастардың жұмыспен қамтылу саласы кең таралуда. Бұл тенденция тұрақсыз жұмысбастылық, жоғары ағымдылық, еңбек пен кәсіби білім алуы біріктірудің кепілді жағдайларының болмауына, біліктілікті талап етпейтін жұмыстың басым болуына қарамастан сақталып келеді. Осылайша, мемлекеттік секторда жас қызметкерлер үлесінің азаюы, олардың коммерциялық секторға, шағын бизнес жүйесіне ағылуы олардың жұмыспен қамту саласында тұрақтылыққа кепіл бермейді.

Жастардың қоғамдағы жағдайы бірқатар объективті және субъективті факторларды бейнелейді: материалдық қамтамасыз етілу деңгейі, өзін кәсіби

салада жүзеге асыру мүмкіндігі, білім алу, мансап құру, өзінің азаматтық құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз ету. Жастар жұмыссыздығы халықтың жұмыссыздық мәселелерін қарастыру барысында өзінің жағымсыз салдарларының өткірлігі үшін де айрықшаланады.

Жастарға әлеуметтік сауалнама жүргізу нәтижелері бойынша, жастардың жұмысқа орналаса алмауға кедергі болатын: ең алдымен жұмыс өтілінің болмауы, айлық ақының төмен мөлшері, алған білім мен жұмыс орнының функционалдық сәйкес келмеуі, және т.б..

Осы жұмыс барысында біз 16 дан 29 жас аралығындағы жастар еңбегінің сұранысы мен ұсынысы тенденцияларын талдауға тырысып көрдік. Дәл осы жас аралығында олардың негізгі бөлігі қоғамдық және әлеуметтік салада тұрақты кәсіптік - еңбек дәрежесін иеленеді. Жастар деп кемінде үш кіші топты айтамыз:

Бозбала, бойжеткен тобы (18 жасқа дейінгі жастар) негізінен орта мектеп және кәсіптік мектеп оқушыларынан тұрады. Негізінен олар еңбек үрдісіне тартылмаған. Алайда халықтың көп бөлігінің өмір деңгейінің едәуір төмендеуі жастардың осы бөлігінің өмірлік ұстанымдарын өзгертті. Олардың көпшілігі қаражат табуға ұмтылады. 18 бен - 24 жас аралығындағы жастар - бұл кәсіби даярлықты аяқтағалы жатқан немесе аяқтаған студенттер және жас адамдар. Олар еңбек нарығына енетін ең әлсіз топ болып табылады, себебі жеткілікті кәсіби және әлеуметтік тәжірибеге ие болмайды, сол себепті бәсекеге қабілеттілігі төмен болады.

25-29 жастағы жас адамдардың көпшілігі осы шақтан бастап кәсіби таңдау жасап, белгілі біліктілікке, әлде-бір өмірлік және кәсіби тәжірибеге ие болады. Олар нені қалайтынын біледі.

Халықтың жалпы өмір деңгейінің төмендеуі оқудан тыс уақытта жұмыс істеуге мәжбүр, оқушы

жастардың арасындағы артып отырған жұмысбастандылыққа алып келді.

Өндірістік еңбектің беделінің төмендеуі себебінен, жастардың көпшілігі үшін әлеуметтік пессимизм тән болып отыр, олар қызықты, мазмұнды, әлемдік стандарттар деңгейінде өз еңбегі шамасына сай ақы төленетін жұмысқа ие болу мүмкіндігіне сенбейді. Еңбекті ынталандырудың полярлы өзгерістері жүзеге асуда. Білікті жас кадрлар мамандығын жиі ауыстырады, бұл келешекте кәсіби құрылымдағы жұмыс күшінің тепе-теңдігінің бұзылуына алып келуі мүмкін. Басымдылық өндірістегі мазмұнды еңбекке емес, қарқындылығы төмен, кез-келген тиімді жолмен едәуір материалды пайда алуға бағытталған еңбекке беріледі. Жастардың шамамен 30 пайызы білім алу өмір сүру деңгейінің сәтті болуының кепілі болмайды деп есептейді.

Еңбек нарығындағы жағдайларда маңызды көрсеткіш болып жұмыссыздықтың деңгейі, сыйымдылығы және еңбек нарығының конъюнктурасы болып табылады. Алайда мұндай статистика толығымен еңбек нарығындағы толық жағдайды көрсетпейді. Жастар еңбек биржасында басқа жастағы адамдармен салыстырғанда сирек тіркеледі. Нәтижесінде нарықтық қатынастың ерекшеліктерімен байланысты, жасырын жұмыссыздық, жұмыспен қамтамасыз етудің жаңа құбылыстарының барлығы есепке алынбайды. Өндірістік емес салада жұмыс күшіне сұраныс жылдам өсу үстінде, әсіресе жылдам коммерциаланғандарда. Егер де қазіргі кездегі білікті мамандарды дайындау және оларға деген сұраныс өзгермесе, жақын аралықта біліксіз мамандар халық арасында жұмыссыздықтың ұлғаюын алып келуі мүмкін, ең алдымен жалпы орта мектепті бітірген, әрі қарайғы оқуын жалғастырмаған, мамандығы немесе қажетті біліктілігі жоқ - жастардың арасында. Сондықтан да жалпы білім беруін және жастарды кәсіптік оқытуды ұтымды ұйымдастыру қажет [5].

Кесте 2. Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері

"Жастар ҒЗО деректері бойынша" Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері %-бен		
1	Сіздің қалаңызда, аулыңызда жұмысқа орналасуға қандай кедергілер бар?	22
2	Жұмыс өтілінің болмауы	17
3	Айлық жалақының төмен болуы	13
4	Жұмыс берушінің парақорлығы	11
5	Алған білім мен жұмысқа қойылатын функционалдық талаптардың сәкес болмауы	10
6	Жас мамандардың еңбек нарығындағы төмен бәсекеге қабілеттілігі	10
7	Тұтынатын ауданда жұмыс орындарының болмауы	4
8	Этникалық сипатына қарай кемсіту	3
9	Әйел немесе ер жынысына жататындығы бойынша кемсіту	3
10	Кішкентай нәрестенің болуы	3
11	Денсаулық жағдайы	3
12	Жас мамандардың жоғары менмендігі	3
13	Ешқандай кедергі жоқ	1
Ескерту - Автормен құрастырылған.		

Экономикалық жүйедегі жастарды жұмыспен қамту мәселесіне сәйкес келетін жүйені қалыптастыру керек.

Бұл жүйе төмендегідей қалыптасу кажет:

- кәсіпорында, ұйымда және мемлекеттік мекемелерде конкурстық сұрыптау негізінде жастарды жұмыспен қамту және тәжірибелерді ұйымдастыру;

- жастар үшін жұмыс орындарын үлестіру мақсатымен аудандық арнайы бюджеттік қорлар жасау;

- білім беру мекемелерінің түлектерін жұмыспен қамтамасыз ететін жұмыс берушілердің ынталандыру жүйесін жетілдіру;

- жастармен мамандыққа бағытталған ескертпелі жұмыс жүргізу;

- жастар жұмыссыздығын алдын-ала ескерту жөнінде іс-шараларда қалыптастыру және жүзеге асыру;

- жастарды баспа және электронды ауқымда ақпарат құралдары арқылы ақпараттандыру, еңбек нарығы және жастарды қолдану шаралары туралы анықтамалық және ақпараттық-әдістемелік әдебиеттерді баспаға шығару;

- жас кәсіпкерлікті және жастар кәсіпкерлігін құру тәжірибесін дамыту, жастардың бизнес-жоспарларын кеңеспен және эксперттермен қамтамасыз ету

Кәсіби білім беретін мектептердің түлектері жұмыс орнын іздеу барысында ең алдымен келесі мотивтерді басшылыққа алады: жоғары ақы төленетін жұмыс (83%); еңбектің жақсы ұйымдастырылуы және қамтамасыз етілуі (49%); бос уақыттың жеткілікті болуы (31%).

Колледждердің түлектері жоғары еңбекақыға (78%), салыстырмалы түрдегі жұмыс күнінің еркіндігіне (38%); кәсіби мансап мүмкіндігіне (29%) басымдылық береді.

Жоғары оқу орындары түлектерінің мотивтерінің аясы кеңірек: жақсы еңбекақы және қосымша табыс табу мүмкіндігі (85%); қызықты жұмыс (61%); еңбек барысын өз еркімен жоспарлау мүмкіндігі (34%); еңбек күнінің салыстырмалы түрде еркін болуы (31%); отбасы мен басқа да қызығушылықтар үшін бос уақыт қорының болуы (30%). "Кәсісі тұрғыда өсу", "еңбек ету барысындағы шығармашылық", секілді мотивтер тек ЖОО әрбір алтыншы-жетінші түлегіне ғана маңызды болмақ.

Зерттеу көрсеткендей, жастар заманауи еңбек нарығы, сәтті кәсіби мансап қалыптастыру негізі болатын еңбек нарығындағы мінез-қылық ережелері туралы, еңбек қатынастары саласындағы өздерінің құқықтары мен міндеттер туралы білім алмайды. Жастар бәсекелестікке және еңбек нарығында субъект болуға даяр емес. Алғаш рет еңбек нарығына шығу барысында жастардың санасында болашақ кәсібі, еңбек және кәсіби мансап туралы идеялар ойлар басым, олар еңбек нарығына бірінші қадамдар жасалғаннан бастап орындалмайды және жұмыс орнына орналасу мүмкіндігінің болмауы

жағдайларында күрделі әлеуметтік-психологиялық жағдайлардың (үрей, депрессия жағдайы, коммуникативті аяға ықпал ететін және амалсыздық сезімімен ілесетін кінә сезімінің) туындауына алып келеді. Еңбек шындығына кезігу еңбек құндылықтарының қайта бағдарлануына немесе деградациясына алып келеді. Осылайша жұмыссыздық жастардың әлеуметтік-психологиялық дамуына кері әсер етеді және еңбекке өзін-өзі жүзеге асыру құралы деген көзқарастың жоғалуына алып келеді, ал дұрыс социализация үрдісі бұзылады.

Сонымен қатар, жастардың еңбек нарығындағы жағдайы даярлау мен тәрбиелеу арқылы өз түлектерінің кәсіби-біліктілікті даярлық деңгейлерін белгілейтін, еңбек нарығындағы және еңбек қатынастары саласындағы мінез-қылық үлгісін, еңбекке деген құндылықтар бағдарын қалыптастыратын қаланың білім беру ұйымдарының қызметімен де анықталады. Жастарды жұмыспен қамту мәселелері қалай шешіледі?

Н.Ә.Назарбаев атап айтқандай, экономикадағы өзгерістер еңбек нарығын құрылымындағы едәуір өзгерістерге және білікті жұмыс күшіне сұраныстың артуына алып келді. Қазіргі уақытта жоғары біліктілікті мамандардың жетіспеушілігі өндірістің даму қарқынына және Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігіне әсер етуде.

Жастар жұмыс мамандығын түсініп иемденуі қажет - бұл беделде, тұрақты әрі жоғары ақылы. Жұмыс мамандығын таңдай отырып, олар еңбек нарығында сұранысқа ие болады, және де тәжірибе көрсеткендей олардың еңбекақылары жоғары білім иемденгендерден жиі жоғары болады, - деп Н.Ә.Назарбаев атап кетті.

Елбасы тек дамыған кәсіби-техникалық білім жүйесі көптеген мәселелерді, оның ішінде жастардың еңбек нарығына бейімделу мәселесін шешуге мүмкін деген ой білдірді.

Осы мәселені шешудің маңыздылығын мойындай отырып, мемлекет осы бағыттағы қадамдар жүргізе бастады.

2011 жыл барысында жұмыспен қамту қызметіне қаланың кәсіпорындары мен ұйымдарынан 5000 астам бос жұмыс орындары келіп түсті. Еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар: дәрігерлер мен мейірбикелер, инженер-механиктер, инженер-электриктер, газды электр дәнекерлеушілер, электр дәнекерлеушілері, токарьлер, слесарь-сантехникашылар және басқа да жұмысшы мамандықтар. Қала кәсіпорындарындағы кадрларға деген қажеттілікті зерттеу осы мамандарды даярлау қажеттілігін анықтайды.

Соңғы жылдары кәсіби білім беру ұйымдарының түлектері үшін әлеуметтік жұмыс орындарын қалыптастыру қызығушылыққа ие болып отыр. Оларға мамандықтары бойынша жұмыс тәжірибесі мен дағдыларын алу мақсатында "жастар тәжірибесінен" өту мүмкіндігі беріліп отыр.

Сонымен қатар осы бағдарлама аясында демалыс уақыттарында оқушы жастарға жұмыс орындарын жасау мүмкіндігі бар.

2011 жылда барлығы осы әлеуметтік жұмыс орындарын қалыптастыру бағдарламасының нәтижесінде 657 адам жұмыспен қамтылды, оның ішінде 70% - жастар. Берілген жоба алты айдан аспайтын уақытша жұмыспен қамтылуды қарастырады, алайда өз міндеттерін дұрыс орындаған жастарға кәсіпорындарда одан ары, жалпы жағдайларда қызмет етуді ұсынады.

Халықты жұмыспен қамту қызметтері органдары жұмыссыз жастарды еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарға оқыту мен қайта оқытуды жалғастыруда (жол картасы). Бос жұмыс орындары жәрмеңкелерінің мамандандырылған сипаты олардың тиімділігін арттырады. Сондықтан да бұл форма белсенді даму үстінде [6].

Қазақстанда қазақстандық жастардың едәуір сапалы кәсіби-техникалық білім алуға және де сол арқылы еңбек нарығындағы едәуір лайықты бейімделуге қажетті жағдайлар жасау қажет.

Қорытындылай келе келесілерді ұсынғымыз келеді: жастарды жұмыспен қамту саласының одан ары дамуы үшін қажет:

- еңбек нарығын зерттеу бойынша арнайы зерттеулер жүргізу;

- базалық оқу орындары мен кәсіпорындар арасындағы байланыстарды дамыту;

- жастардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге ықпалдасатын, әлеуметтік қызметтер жүйесін дамыту (жастар еңбек нарығы, жәрмеңкелер және т.б.).

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Абуева Г.А. Государственное регулирование занятости населения // Транзитная экономика.- 2011ж.- № 3.- 110-115 б.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитеті. - Қолжетімділік тәртiбi: <http://www.stat.gov.kz/>

3. Алимбаева С.К. Особенности формирования молодежного рынка труда на современном этапе (Қазақстан материалдарында): Автореферат: 22.00.04 /- Алматы: Б.И., 2011ж.- 28 б.

4. Бреева Е.Б. Профессиональная ориентация молодежи: особенности, необходимость проведения // Современ. и гуманитарн. исследования.- 2010ж.- № 1.- 184-185 б.

5. Зайниева, Лилия Юсуповна. Государственная молодежная политика: Казахстан в контексте мирового опыта / Зайниева, Лилия Юсуповна.- Алматы к.: Дайк-Пресс, 2010ж.- 296 б.

6. Менкебаева М. Роль и место молодежи в социально-экономической и общественно-политической жизни казахстанского общества / Менкебаева М. // Аналит обзорение .-2010. № 4. 135-138 б.

**Назерке ТЛЕПБЕРГЕН**, екінші курс магистранты, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, 100009, Қазақстан республикасы, Қарағанды қ., Академическая көш, 9,  
www.nazikola@mail.ru +77055877426

### "ЖҰМЫСБАСТЫЛЫҚ 2020" БАҒДАРЛАМАСЫНА СӘЙКЕС КАДРЛАРДЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ ТИІМДІЛІГІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аталмыш мақалада "Жұмысбастылық 2020" бағдарламасы арқылы кадрларды оқыту мен даму тәсілдері жан - жақты қарастырылады. Сонымен қатар жұмыспен қамтудың мәселелері шешіледі.

**Түйін сөздер:** еңбек, жұмыспен қамту, кәсіптік оқыту.

**Назерке ТЛЕПБЕРГЕН**, магистрант второго курса, Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, 100009, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Академическая, 9,  
www.nazikola@mail.ru +77055877426

### ПРОБЛЕМЫ ЭФФЕКТИВНОСТИ ОБУЧЕНИЯ И РАЗВИТИЯ КАДРОВ В СООТВЕТСТВИИ С ПРОГРАММОЙ "ЗАНЯТОСТЬ 2020"

В данной статье всесторонне рассматривается эффективность обучения и развития кадров по программе "Занятость 2020". А так же решаются проблемы занятости.

**Ключевые слова:** труд, занятость, профессиональное обучение.

**Nazerke TLEPBERGEN**, master's degree of the second course, Karaganda Economic University of Kazpotrebsoyuz, 100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Akademicheskaya str. 9,  
www.nazikola@mail.ru +77055877426

### PROBLEMS OF LEARNING EFFICIENCY AND DEVELOPMENT OF SHOTS ACCORDING TO THE EMPLOYMENT OF 2020 PROGRAM

In this article learning efficiency and developments of shots in the Employment of 2020 program comprehensively is considered. And also employment problems are solved.

**Keywords:** work, employment, vocational education.

Адам капиталын даму үшін лайықты еңбекке қол жетімділікті ұлғайтудың ерекше маңызы бар.

Мемлекет басшысы бірнеше мәрте атап көрсеткеніндей, жұмыспен қамту саясаты кедейлікті еңсеру мен адамдардың әл-ауқатын арттыруда ең негізгі құрал болып отыр.

Елбасының тапсырмасымен еліміздің еңбек нарығындағы қалыптасқан жағдайды оң шешуге, индустриялық саясатты жүзеге асыру үшін еңбек әлеуетін тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін бұрын - соңды болмаған "Жұмыспен қамту - 2020" бағдарламасы әзірленді. Жалпы бұл бағдарлама халық арасында жақсы қабылданып, экономиканың өрлеуіне, оң жетістіктерге жетуіне әсерін тигізуде.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 27 қаңтар 2012 жылғы Қазақстан халқына арнаған "Әлеуметтік - экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты" атты Жолдауында бірінші басымдық - Қазақстандықтардың жұмысқа тартылуы болып белгіленді.

Жұмыспен қамтудың белсенді саясатын жүргізу Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметінің негізгі әлеуметтік басымдықтарының бірі болып табылады. Жұмыспен лайықты қамтуды қамтамасыз ету - халықты әлеуметтік қорғаудың негізі, адам ресурстары әлеуетін дамыту және іске асырудың маңызды шарты, қоғамдық байлықтың артуы мен өмір сүру сапасын жақсартудың басты құралы.

Еңбек нарығын реттеудің әлеуметтік - экономикалық, ұйымдастырушылық - инфрақұрылымдық қызмет ету тетіктерін жетілдіру, облыс тұрғындарын жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғаудың белсенді формасы ретінде жұмыссыздарды кәсіби даярлау және қайта даярлау, қоғамдық бағдарлама жасау негізгі өзекті мәселелердің бірі болып отыр, ол өз кезегінде ғылыми тұрғыдан зерттеуді талап етеді.

Еліміз күннен-күнге қарыштап дамып, биік арман мақсаттар мен мұраттарға қол жеткізіп келеді. Алайда, жұмыссыз адамдардың санының көбеюі - басты проблема күйінде қалып отыр.

Нарықтық қатынастардың дамуы жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсынысты реттеу, еңбек қатынастары жүйесін реформалау мен жұмыс орындарының сапалық сипаттамаларының артуы, кәсіби білім беру жүйесінің жаңа экономикалық жағдайға бейімделуімен байланысты еңбек нарығында туындайтын мәселелерді зерттеуді көздейді.

Мемлекет басшысы 2012 жылғы 14 желтоқсандағы "Қазақстан - 2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауында халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету саясатын жаңғырту жөніндегі міндеттерді қойды.

Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) 2009 және 2010

Кесте 1 - Халықты жұмыспен қамтуды басқарудың әдістері

Халықты жұмыспен қамтуды басқарудың мынадай әдістері бар:		
- экономикалық әдістер (несиелеу және салық салу жеңілдіктері, кәсіпкерлікті ынталандырудың бюджеттік саясаты жұмыс орындарын құру және сақтау, кадрларды қайта оқыту);	- ұйымдастырушы әдістер (жұмысқа тұрғызу және жұмысбастылық қызметін құру, ақпараттық жүйелер, кадрларды даярлау және қайта даярлау);	• әкімшілік- заңдық әдістер (еңбек келісім-шарттарын рәсімдеу шарттары, жұмыс уақытының ұзақтығы, еңбек өмірін реттеу).
Ескерту. Автормен құрастырылған		

жылдардағы жол карталарын және Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын іске асырудың логикалық жалғасы болып табылады.

Бағдарлама дағдарысқа қарсы ден қою тетіктерін, еңбек нарығын реттеудің тиімділігін арттыру, оның ішінде еңбек нарығын болжау және мониторингілеу, табысы аз, жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тарту тетіктерін қамтиды [1].

2020 жылға қарай нәтижелерге қол жеткізу индикаторлары Жұмыспен қамту 2020 жол картасының бірінші кезеңі аяқталғаннан кейін айқындалған болады.

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде қамтылғандардың (санаттар бойынша жалпы санындағы) үлес салмағы:

1) өзін-өзі жұмыспен қамтығандар 2014 жылы - 4,8 % және 2015 жылы - 7,0 %;

2) жұмыссыздар 2014 жылы - 52,5 % және 2015 жылы - 78,8 %;

3) күнкөрісі төмен отбасылардың еңбекке жарамды мүшелері (тартылған) 2014 жылы - 19,0 % және 2015 жылы - 20,0 % болды.

Бағдарламаның мақсаты- жұмыспен тұрақты және нәтижелі қамтуға жәрдемдесу арқылы халықтың табысын арттыру.

Сол мақсаттарға қол жеткізу үшін келесі міндеттері қарастырылуда:

1. Өз бетінше жұмыспен айналысушыларды, жұмыссыздарды және табысы аз адамдарды жұмыспен қамтудың белсенді бағдарламаларына тарту;

2. Индустриализациялау бағдарламасын іске асыру үшін кадр әлеуетін дамыту;

3. Атаулы әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру.

Бағдарламаны іске асыру бірінші кезекте оқытуға, жұмысқа орналастыруға, тұрғылықты жері бойынша өзінің жеке ісін ашуды ұйымдастыруға

жәрдемдесуге, ал мұндай мүмкіндіктер болмаған жағдайда, экономикалық өсу орталықтарына өз еркімен көшуіне жәрдемдесуге бағытталған.

Бағдарламаны іске асыру мынадай үш бағытта жүзеге асырылатын болады:

1. Өз бетінше жұмыспен айналысушыларды, жұмыссыздарды және табысы аз адамдарды оқыту және еңбек нарығында олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу.

2. Ауылда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу.

3. Еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру.

Бағдарламаны үш кезеңде іске асыру ұсынылады:

2011 жыл пилоттық жыл болды, бұл Бағдарламаны іске асыру механизмдері мен оны құқықтық қамтамасыз етуді пысықтауға мүмкіндік туғызады.

Екінші кезең: 2012-2015 жылдар және үшінші кезең 2016 жылдан бастап 2020 жылға дейін.

Индустрияландыру картасы жобалары мен Бизнесстің жол картасы - 2020 бағдарламасында бар және құрылатын жұмыс орындарын нақты пайдалану үшін ағымдағы және перспективалық жұмыс орындарының автоматтандырылған дерекқоры жұмыс істейді.

Бағдарламаның бірінші бағыты азаматтардың тұрғылықты жері бойынша жұмысқа орналасуына жәрдемдесу арқылы олардың жұмыспен тұрақты және нәтижелі қамтылуын қамтамасыз етуді көздейді және өз бетінше жұмыспен айналысушылар, жұмыссыздар және табысы аз адамдарды қамтитын болады.

Бағдарламаға қатысудың басым мүмкіндіктері ауыл жастарына беріледі.

Іске асыру механизмі:

- Бағдарламаның әлеуетті қатысушылары құжаттардың қажетті тізбесін ұсына отырып, Бағдарламаға қатысу туралы өтінішпен жергілікті жұмыспен қамту органдарына өтініш білдіреді.

Кесте 2 - Бірінші бағытқа қатысушыларға мемлекеттік қолдаудың түрлері

Бірінші бағытқа қатысушыларға мемлекеттік қолдаудың мынадай түрлері көрсетілетін болады:			
- тегін кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарына жолдау;	- оқу және тұру орнына дейін жолға шығару және жолақысын төлеуге субсидия беру;	- лайықты бос жұмыс орындарын іздеу және жұмысқа, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орындарына орналасуға жәрдемдесу;	- психологиялық бейімдеу.
Ескерту. Автормен құрастырылған			

- Жергілікті жұмыспен қамту органдары берілген өтініштердің негізінде әлеуетті қатысушылардың тізімін қалыптастырады.

- Қалыптастырылған тізімдер мен әлеуетті қатысушылар туралы мәліметтер аудандық (қалалық) комиссияның қарауына жіберіледі.

- Ұсынылған құжаттарды қарау нәтижесі бойынша Комиссия мүшелері өтініш берушілерді Бағдарламаға қатысушылар қатарына қосу не өтініш беруші Бағдарламаның бірінші бағытына қатысу критерийлеріне сәйкес келмеген жағдайда, одан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Аудандық комиссия отырыстары хаттамаларының көшірмелері жергілікті жұмыспен қамту органдарына жіберіледі.

Бағдарламаның әлеуетті қатысушыларын анықтау мен өтініш иесін Бағдарламаға қосу жөнінде шешім аудандық (қалалық) деңгейде қабылданатын болады.

Бағдарламаның әрбір қатысушысымен жұмысқа орналасуды қоса алғанда, өзара міндеттемелер туралы шарт болып табылатын әлеуметтік келісімшарт жасалады.

Егер Бағдарламаға қатысушы кәсіптік оқуды аяқтағаннан кейін жұмысқа орналаса алмаса, оған Бағдарламаның екінші немесе үшінші бағыттарына қатысу ұсынылады.

Екінші бағыттың мақсаты жеке ісін ұйымдастыру арқылы азаматтардың экономикалық белсенділігін арттыру болып табылады.

Жеке ісін ұйымдастыруды қалайтын және оған мүмкіндігі бар азаматтар Бағдарламаның қатысушылары бола алады. Жеке ісін ауылда ұйымдастыруды қалайтындарға басымдық беріледі.

Осы бағыт бойынша мемлекеттік қолдаудың мынадай түрлері көрсетілетін болады:

- консультациялық қызмет көрсету;
- кәсіпкерлік негіздерін оқыту;
- Шағын несие беру;
- жетіспейтін инженерлік - коммуникациялық инфрақұрылымдарды дамыту және жайластыру.

Шағын несие беру - ауылда кәсіпкерлікті қолдаудың негізгі механизмі болады.

Шағын несие қайтарымдылық негізінде 3 млн. теңге сомасында 5 жылдан аспайтын мерзімге беріледі.

Шағын несие жеке ісін ұйымдастыру немесе кеңейту үшін беріледі, бұл ретте, ол тұтынушылық мақсаттарға, басқа кредиттерді өтеуге және жылжымайтын тұрғын үй алуға берілмейді.

Соңғы қарыз алушыға кредит бойынша пайыздарды төлеу және негізгі қарызды өтеу бойынша он сегіз айға дейінгі мерзімге жеңілдікті кезең ұсынылады.

Микроқаржы ұйымдарын іріктеуді конкурстық негізде нақты жергілікті атқарушы органдар арқылы уәкілетті орган жүргізеді.

Соңғы қарыз алушы үшін Шағын несие бойынша жылдық тиімді пайыздық ставканы өңірлік комиссиямен келісе отырып, уәкілетті өңірлік ұйым белгілейді.

Шағын несие беру механизмі:

1) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жергілікті атқарушы органға бюджеттік кредит береді.

2) Жергілікті атқарушы орган Шағын несие беруді ұйымдастыру жөніндегі уәкілетті өңірлік ұйымды өзі айқындайды.

3) Уәкілетті өңірлік ұйым микроқаржы ұйымдарына кредит берудің белгіленген ережесіне сәйкес Бағдарламаға қатысу үшін микроқаржы ұйымдарын іріктеу бойынша ашық конкурс өткізеді.

4) Уәкілетті өңірлік ұйым мен микроқаржы ұйымдары арасында кредит беру туралы шарт жасалады.

5) Бағдарламаның әлеуетті қатысушысы жергілікті жұмыспен қамту органының жолдауы бойынша Шағын несие беру туралы өтініммен Бағдарламаға қатысушы микроқаржы ұйымына өтініш білдіреді.

6) Микроқаржы ұйымы жобаға бағалау жүргізеді және қаржыландыру мүмкіндігі (немесе мүмкін емес екені) туралы шешім қабылдайды.

7) Оң баға алған жобалар бойынша қаржыландыру осы Бағдарламада көзделген шарттарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен микроқаржы ұйымдарына кредит беру ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ауылдағы кәсіпкерлік объектілеріне қолданылып жүрген инфрақұрылымдарына (яғни, телефон және электр жүйелерінің құбырлары, жылу және сумен жабдықтау) қосымша инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізу қажет болған жағдайда, бұл шығыстарды егер ол елді мекенді салу жоспарына сәйкес болса, мемлекет өзіне алады.

Оның құны бизнес жобаның құнынан аспауы керек.

Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның дамытылуын қамтамасыз ету механизмі:

1) Жергілікті атқарушы орган инфрақұрылымды дамыту жөніндегі уәкілетті органы өзі айқындайды.

2) Бағдарламаға қатысушылар жергілікті жұмыспен қамту органына қажеттілігі негіздемесімен қоса, жобаны инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету туралы өтініммен өтініш береді.

3) Жергілікті жұмыспен қамту органы қалыптастырған өтінімдердің тізімін аудандық (қалалық) комиссиялардың қарауына енгізеді (болған жағдайда).

4) Аудандық (қалалық) комиссия (немесе инфрақұрылымды дамыту жөніндегі уәкілетті орган) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды салуды немесе реконструкциялауды қаржыландыру мүмкіндігі (немесе мүмкін емес екені) туралы шешім қабылдайды және оны жергілікті жұмыспен қамту органдарына және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

5) Оң қорытынды алған жобалар бойынша өтініш беруші мен инфрақұрылымды дамыту жөніндегі уәкілетті органның арасында тиісті шарт жасалады.

6) Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды салу немесе реконструкциялау қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

7) Шартта көзделген инфрақұрылымдық жобаның іске асырылуына мониторинг жүргізу

инфрақұрылымды дамыту жөніндегі уәкілетті органға жүктеледі.

Үшінші бағыт. Бағдарламаға қатысушылардың жоғарыда айтылған екі бағыттан өткен соң жалдамалы еңбекпен немесе жеке іспен айналысуға нақты мүмкіндігі болмағандық жағдайға арналған.

Экономикалық әлеуеті төмен елді мекендерден экономикалық өсу орталықтарына өз еркімен көшуге жәрдемдесу:

- бір ауданның ішінде;
- бір облыс шегіндегі бір ауданнан басқа ауданға жүзеге асырылуы мүмкін.

Басым құқықты ауыл жастары иеленетін болады.

Қоныс аударуға қатысуға мынадай критерийлер белгіленеді:

- қатысушы өз бетінше жұмыспен айналысушылар, жұмыссыздар не еңбекке жарамды табысы аз адамдар қатарынан болуы тиіс;

- экономикалық әлеуеті төмен елді мекендерде тұруға тиіс;

- айлық жиынтық табысы бірге тұратын отбасы мүшелерінің әрқайсысына шаққанда ең төмен күнкөріс деңгейінен аспауға тиіс.

Еңбек нарығындағы нақты жағдайларды ескере отырып, жұмыстар вахталық әдіспен ұйымдастырылуы мүмкін.

Мұндай жағдайда мынадай қолдау түрлері ұсынылады:

- қоныс аударуға субсидия беру;
- сатып алу мүмкіндігімен, үлгілік жалға берілетін тұрғын үй беру;
- осы бағдарлама шеңберінде жаңа тұрғылықты жерінде қайта даярлау курстарынан өту;
- психологиялық бейімдеу.

Барлық бағыттар бойынша мемлекеттік қолдау түрлерін ұсыну тәртібі қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі әзірлеп жатқан Ережеде толық бейнеленетін болады.

Нақты көшкеннен кейін аталған бағыттың қатысушысы Бағдарламаның бірінші немесе екінші бағыттарына қатыса алады.

Іске асыру механизмі:

1. Егер адамдар экономикалық әлеуеті төмен елді мекенде тұратын болса немесе Бағдарламаға қатысушыны Бағдарламаның бірінші және екінші бағыттары шеңберінде жұмыспен қамтамасыз ету мүмкіндігі болмаса, ол жергілікті жұмыспен қамту органына Ережеде белгіленген құжаттар тізбесін қоса отырып, қоныс аударуға өтініш бере алады.

2. Жергілікті жұмыспен қамту органы Бағдарламаның үшінші бағытына қатысуға берілген құжаттарды іріктеу өлшеміне сәйкес қарайды, қоныс аударудың ықтимал жолдарын өтініш берушімен келіседі және көшетін жеріне байланысты құжаттарды өңірлік немесе аудандық (қалалық) комиссияға жолдайды.

3. Өңірлік немесе аудандық (қалалық) комиссия өтініш білдірушілерді Бағдарламаға қатысушылардың тізіміне енгізу туралы шешім қабылдайды не енгізуден бас тартады және шешімді жергілікті жұмыспен қамту органына жібереді.

4. Қоныс аудару бір облыс шегінде бір ауданнан басқа ауданға жүзеге асырылатын жағдайда,

аудандық комиссия әлеуетті қатысушылардың тізімін Бағдарламаға қатысушылардың жалпы тізімін келісу және қалыптастыру үшін өңірлік комиссияға жолдайды.

Өңірлік комиссия азаматтар мен оралмандарды бағдарламаның аталған бағыттарына қатысушылар қатарына қосу жөнінде түпкілікті шешім шығарады және тиісті ақпаратты аудандық комиссиялары мен жергілікті жұмыспен қамту органдарына жібереді.

Бағдарламаны іске асыруды басқару жоғарыдан төмен басқару құрылымына ие болады, оның құрамына Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы ведомствоаралық комиссия мен облыстық және аудандық деңгейдегі комиссиялар кіреді.

Үшінші бағыт жұмыс берушінің қажеттігі шеңберінде еңбек әлеуетін дамыту, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының кәсіптік және аумақтық ұтқырлығын арттыру жолымен халықты жұмыспен тұрақты және нәтижелі қамтылуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Үшінші бағыттың мынадай құрамдас бөліктері бар:

- 1) оқыту және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу;
- 2) жұмыс берушінің қажеттілігіне сәйкес еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру.

Аталған құрамдас бөлік жұмысқа орналасуға, даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға қатысуға құқығы бар адамдарға көмек көрсетуге бағытталған шараларды қамтиды.

Аталған бағыт шеңберінде Бағдарламаға қатысушыларға мемлекеттік қолдаудың мынадай түрлері көрсетіледі:

- 1) кәсіптік оқу, жұмысқа орналасу және кәсіптік бағдарлану мәселелері бойынша консультация;

- 2) тегін біліктілікті арттыру, кәсіптік даярлау және қайта даярлау курстарына (бұдан әрі - кәсіптік оқыту) жіберу;

- 3) кәсіптік оқуға материалдық көмек беру;

- 4) лайықты бос жұмыс орындарын іздеу және жұмысқа, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орындарына және жастар практикасына орналасуға жәрдемдесу;

- 5) әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан жеке тұлғалардың жалақысын ішінара субсидиялау;

- 6) жастар практикасына жіберілген жеке тұлғаларға еңбекақы төлеу.

Кадрларды даярлау және қайта даярлау Жол картасы мен индустрияландыру картасының жобаларын іске асыру үшін қажетті мамандықтар, сонымен қатар шетелдік жұмыс күші тартылатын мамандықтар бойынша жүргізілді.

Әсіресе, индустрияландыру жобалары үшін мамандарды даярлаудың мемлекеттік білім беру тапсырысын арттыруға айрықша назар аударылды. Аталмыш шаралар айрықша сұранысқа ие мамандықтар бойынша кәсіби дайындыққа 33750 мектеп түлектерін бағыттауға мүмкіндік берді. Білім алғандардың басым бөлігі электр газ сварщик, автокөлік жүргізушісі, темір ұстасы, монтаждаушы, электрик, электромонтер, сылақшы, әктеуші, тас қалаушы, машинист, ағаш ұстасы, тракторист-машинист мамандықтарына қатысты болды.



Бағдарламаға қатысушыларды кәсіптік оқыту ұзақтығы оқу бағдарламасының мазмұнына қарай белгіленеді:		
1) кәсіптік даярлау жүргізу кезінде – он екі айдан;	2) қайта даярлау кезінде – алты айдан;	3) біліктілікті арттыру кезінде – үш айдан аспауға тиіс.
Ескерту. Автормен құрастырылған		

Аталмыш мамандық иелеріне Жол картасының жобалары мен әрекет етуші бос орындарға жұмысқа орналастыру қамтамасыз етілді. Осының барлығы Қазақстанда тек тұрақты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге ғана емес, сонымен қатар тұрақты постдағдарыстық даму үшін жағдай жасауға негіз болатын шаралар болды. Соңғы жылдары Қазақстан Үкіметімен жаңа жұмыс орындарының кездері болып табылатын елді индустрияландыру, жүйелік қолдау, бизнесті дамыту үшін жағдай жасау бойынша шаралар да қабылданды.

Бірақ, еңбек нарығының қарқынын сипаттайтын оңтайлы көрсеткіштерге қарамастан, отандық еңбек нарығының құрылымындағы мәселелердің бірі болып табыс деңгейі төмен өз бетінше жұмыспен қамтылғандар үлес салмағының жоғары болуы табылады [2].

Кәсіптік оқыту. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдарды оқытуды, олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесуді және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді ұйымдастыру және қаржыландыру қағидасында айқындалған тәртіппен орналастырылатын мемлекеттік білім беру тапсырысына кіреді.

Кәсіптік оқыту кадрларды даярлаудың екіжақты үлгі қағидаттарында жүргізілуге тиіс.

Жалдамалы қызметкерлерді өндірістен қол үзіп немесе қол үзбей кәсіптік қайта даярлау және біліктілігін арттыру Бағдарламаға қатысушының жұмыс орнының сақталу шартымен жұмыс берушілердің өтінімі бойынша жүзеге асырылады.

Іске асыру тетігі:

1) Бағдарламаға қатысуға үміткерлер Бағдарламаға қатысуға өтінішпен тұрғылықты жерінде ауданның, қаланың халықты жұмыспен қамту орталықтарына жүгінеді және Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдарды оқытуды, олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесуді және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді ұйымдастыру және қаржыландыру қағидасына сәйкес құжаттарды ұсынады;

2) Халықты жұмыспен қамту орталықтары ұсынылған құжаттарды қарайды және Бағдарламаға қатысушыларға қойылатын талаптарға ұсынылған құжаттардың сәйкестігін тексеру негізінде Бағдарламаға қатысушылар құрамына қосу (не одан бас тарту) туралы шешім шығарады;

3) Бағдарламаға қатысушыларға халықты жұмыспен қамту орталықтары Дерекқорда бар жұмыс орындарына не жұмыс берушілер өз бетінше немесе жеке жұмыспен қамту агенттіктері арқылы мәлімдеген жұмыс орындарына, жалақыны ішінара субсидиялаумен әлеуметтік жұмыс орындарына,

сондай-ақ жастар практикасын өту үшін жұмыс орындарына жұмысқа орналасуға жәрдем көрсетеді;

4) қажетті кәсіптік біліктілігі болмағандықтан жұмысқа орналаса алмайтын Бағдарламаға қатысушылар кәсіптер (мамандықтар) бойынша кәсіптік оқуға, сондай-ақ жұмыс берушілер өз бетінше немесе жеке жұмыспен қамту агенттіктері арқылы мәлімдеген тиісті жұмыс орындарына жіберіледі.

5) үміткерлерді - Бағдарламаға қатысушыларды іріктеуді кәсіптік оқуды аяқтағаннан кейін іріктелген үміткерлерді жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ететін жұмыс берушілер жүргізеді.

6) кәсіптік оқытуды жүзеге асыратын білім беру ұйымын және мамандықты (кәсіпті) таңдауды Бағдарламаға қатысушы жұмыс берушінің келісімі бойынша өз бетінше жүргізеді.

7) Бағдарламаға қатысушыларды жұмысқа орналастыру үшін тұрақты жұмыс орындарын ұсынатын жұмыс берушілер:

- кәсіптік оқудан өткізуге үміткерлерді іріктейді;

- Бағдарламаға қатысушы таңдаған Қазақстан Республикасының аумағында кәсіптік оқытуды жүзеге асыратын білім беру ұйымын келіседі;

- ағымдағы және перспективалық қажеттілікті ескере отырып, Бағдарламаға қатысушы таңдаған, оқытылатын мамандықты (кәсіпті) келіседі;

8) Бағдарламаға қатысушылар (жеке тұлғалар):

- Қазақстан Республикасының аумағында кәсіптік оқытуды жүзеге асыратын білім беру ұйымын өз бетінше таңдайды;

- ағымдағы және перспективалық қажеттілікті ескере отырып, оқытылатын мамандықты (кәсіпті) таңдайды;

9) Бағдарламаға қатысуға үміткерлерді іріктеуді жұмыс берушілер:

- халықты жұмыспен қамту орталығы ұсынатын Бағдарламаға қатысушылар арасынан таңдайды

- өз бетінше, оның ішінде жұмыспен қамту агенттіктері арқылы іздестіреді;

- бос жұмыс орындары жәрмеңкелеріне қатысу арқылы жүргізеді.

10) жұмыс берушілер өз бетінше, оның ішінде жеке жұмыспен қамту агенттіктері арқылы іздестіру немесе бос жұмыс орындары жәрмеңкелері арқылы іріктелген үміткерлер Бағдарламаға қатысу үшін Бағдарламаға қатысуға өтінішпен тұрғылықты жерінде ауданның, қаланың халықты жұмыспен қамту орталықтарына жүгінеді және Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдарды оқытуды, олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесуді және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді ұйымдастыру және қаржыландыру қағидасына сәйкес құжаттарды ұсынады;

11) кәсіптік оқытуды жүзеге асыратын ұйымды таңдау Тізбесі Бағдарлама операторының, сондай-ақ білім беру саласындағы уәкілетті органның, Бағдарлама операторының жанындағы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінің, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдардың және халықты жұмыспен қамту орталықтарының интернет-ресурстарында орналастырылған ұйымдар ішінен жүргізіледі;

12) халықты жұмыспен қамту орталықтары кәсіптік оқыту үшін жұмыс берушілер іріктеген Бағдарламаға қатысушылармен білім беру ұйымы мен жұмыс беруші тараптары қатысатын әлеуметтік келісімшарт жасайды.

Жұмыс беруші мен білім беру ұйымы әлеуметтік келісімшартқа қосылу туралы жауапты лауазымды адамның қолымен және мөрмен расталған жазбаша өтініш (хабарлама) беру арқылы әлеуметтік келісімшарт жасасуды растайды.

Бағдарламаға қатысушыларды жұмысқа орналастыру үшін тұрақты жұмыс орындарын ұсынатын жұмыс берушілер өтініште (хабарламада) Бағдарламаға қатысушылардың деректерін, оларды оқытуды ұйымдастыру жоспарланып отырған мамандық (кәсіп), білім беру ұйымын, өндірістік практикадан өту орнын және оқу аяқталғаннан кейін жұмыс істеу кезеңін көрсетеді.

Бағдарламаға қатысушыларды кәсіптік оқытуды жүзеге асыратын білім беру ұйымдары өтініште (хабарламада) мамандығы (кәсібі), оқытудың ұзақтығы мен құны, өндірістік практикадан өтетін ықтимал орны мен шарттары туралы ақпаратты көрсетеді;

13) әлеуметтік келісімшарт талаптарының орындалуын Бағдарламаға қатысушылар, жұмыс берушілер мен білім беру ұйымдары тарапынан халықты жұмыспен қамту орталықтары, халықты жұмыспен қамту орталықтары тарапынан ауданның (қаланың) жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бақылайды;

14) Бағдарламаға қатысушы кәсіптік оқуды аяқтағаннан кейін жұмыс беруші әлеуметтік келісімшарт талаптарына сәйкес жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді.

Кәсіптік оқуға қабылданған адамдардың оқуын қаржыландыруды 2013 жылға дейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі көрсетілген адамдар оқуды толық аяқтағанға дейін жүзеге асырады.

Кәсіпорындардағы оқу орталықтарында кәсіптік оқыту.

Кәсіптік оқытуды заңды тұлға болып табылатын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыруға құқығы бар оқу орталықтары (өндірістік кәсіпорындар мен ұйымдар жанындағы) жүзеге асыра алады.

Кадрларды фирмаішілік (өндірісішілік) даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыру жүйесін дамыту және жетілдіру мақсатында, сондай-ақ оқу орталықтарының (өндірістік кәсіпорындар мен ұйымдар жанындағы) Бағдарламаға қатысу мүмкіндігін жүзеге асыру үшін, базасында оқу

орталықтары жұмыс істейтін жұмыс берушілер Бағдарламаға қатысушыларды кәсіптік оқытуды жүзеге асыруы мүмкін [3].

Қатысушылардың жартысына жуығының оқу барысында бағдарламадан шығуының себептері (олардың объективті және субъективті деп бөлуге болады) болып келесілер табылады:

Субъективті себептер:

- оқудың өз бетінше жұмыспен қамтылумен үйлесімсіздігі (өз бетінше жұмыспен қамтылғандардың қалыпты табыс деңгейін жоғалтуы);

- білім деңгейінің бастапқы деңгейінің төмен болуы қайта оқытуды қиындатады.

Объективті себептер:

- бағдарлама қатысушыларында оқу орнын таңдау мүмкіндігінің болмауы (себебі өз қызығушылықтарына байланысты таңдауды жұмыс беруші жүзеге асырып, бұл кейде жұмыс беруші мен оқу орны арасындағы келісімнің жүзеге асырылуына әкеледі).

Әлеуметтік жұмыс орындары.

Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан Бағдарламаға қатысушылардың жалақысын 12 айдан артық емес мерзімде мемлекеттің ішінара субсидиялауы жұмыс берушінің қаражаты есебінен жалақыны 6 айдан кем емес мерзімге толық төлеуді көздейтін еңбек шартын жасасқан жағдайда іске асырылады.

Бір айдағы жалақыға берілетін субсидия мөлшері салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды және пайдаланылмаған еңбек демалысына өтемақыны ескере отырып:

1) алғашқы 6 айда жалақының 50 %-на дейін құрайды, бірақ 26 мың теңгеден аспайды;

2) келесі 3 айда жалақының 30 %-на дейін құрайды, бірақ 15,6 мың теңгеден аспайды;

3) кейінгі 3 айда жалақының 15 %-на дейін құрайды, бірақ 7,8 мың теңгеден аспайды.

Жастар практикасы.

Жастар практикасына қатысушылардың жалақысын субсидиялау 6 айдан артық емес мерзімде жұмыс берушінің қаражаты есебінен жалақыны 6 айдан аспайтын мерзімге толық төлеуді көздейтін еңбек шартын жасасқан жағдайда іске асырылады.

Жастар практикасына жіберілген Бағдарламаға қатысушылардың еңбекақысын субсидиялау мөлшері айына 17,2 айлық есептік көрсеткішті (салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды, пайдаланылмаған еңбек демалысына өтемақыны және банк қызметтерін ескере отырып) құрайды. Азаматтардың жастар практикасына қатысу және оларға мемлекеттік қолдау көрсету шарттары Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Жастар практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидасында айқындалады.

Еңбек нарығының жағдайына талдау жасай отырып, біз халықты жұмыспен қамтуды жетілдіру механизмдерін ұсынып отырмыз.

Аталмыш механизмнің қызметі төмендегідей:

- мектептерде кәсіби бағдар беруді арнай пән ретінде енгізу керек. Онда Қазақстан Республикасы

бойынша ЖОО туралы және мемлекетімізде дайындалатын барлық мамандықтар бойынша толық мәлімет беру;

- ЖОО мен мектептер арасында байланысты күшейту. ЖОО өздерінде дайындалатын мамандықтардың ерекшеліктерін түсіндіру және болашақта сол мамандық бойынша қайда жұмыс істеуге болатыны жөнінде ақпарат беру;

- ЖОО мен жұмыс орындары арасында байланыс орнату. Өндірістік іс-тәжірибеден өтуді дұрыс жолға қою. ЖОО еңбек нарығының сұранысын қанағаттандыратын және бәсекеге қабілетті мамандар дайындауды ұйымдастыру;

- өңірде кәсіптік білім беруді дамыту. Кәсіптік білім беру саласын жұмыс берушілердің сұранысы мен еңбек нарығын бағдарлай отырып әрекет етуге бейімдеу.

- кадрларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру. "Индустрияландыру картасы және "Бизнестің жол картасы - 2020" жобалары негізінде индустриялық секторды кеңейтуге қажетті мамандықтарды анықтау бойынша өңірде жұмыстар өз жалғасын табу қажет. Өңірдегі еңбек нарығы жан-жақты әрі терең зерттелсе, алдағы жылдары сұранысқа ие болатын мамандар тізбесі анықталады.

- нарықтық экономика жағдайында еңбек биржасының қызметін жандандыру.

Еңбек биржалары арқылы қандай бос жұмыс орындары бар екенін біліп жұмыспен қамтылуға ниет білдіру.

Ұсынылған механизм бір-бірімен байланысып толық жұмыс жасаған кезде халықты жұмыспен қамтуды жүзеге асыруда тиімді болар еді.

